



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТАРТЫС

Израиль жауапқа тартыла ма?

2



АРСЕЛОРМИТТАЛДАҒЫ АПАТ:

Жауапкершіліктің жүгі ауыр...

3



Еркін РАҚЫШЕВ,
кинорежиссер:

ЖҮРТҚА ҮМІТ СЫЙЛАУҒА ТЫРЫСАМЫН...

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №136 (6429) 14 қараша, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ АҚША

Бүгінде қазақ теңгесі қорғаныс элементтері бойынша әлемдік валюталар арасында үлгі боларлықтай сапаға ие



ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗГЕ – 30 ЖЫЛ!

Ұлттық валюта – теңге 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы. Экономикалық өсудің негізі ретінде өзіндік ақша бірлігін енгізу кез келген мемлекеттің тарихында ерекше рөл атқарады.

Теңге қазақ халқының тарихындағы алғашқы айналымға енген ақша бірлігі емес екендігі сонау өткен тарихымыздан белгілі. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ежелгі қазақ даласында айырбас саудада бағалы аң терілерін, металдан жасалған теңгелерді тауар айналымы ретінде қолданған. Тарихи еңбектерде алғашқы теңгелерді бірінші ғасырда-ақ ғұндар жасаған деген мәлімет беріледі. Оның бір бетіне пехлеви, екінші бетінде түркі руна (эфталит) жазуы болған. Бұл теңгелер V-VI ғасырларда сауда айналымына пайдаланылған.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

6

ТЕМІР ТҰЛПАР ТАЙМАСЫН!

Жүргізушілер 1 желтоқсаннан бастап қысқы дөңгелекпен жүруге міндетті

Алматыда биылғы 10 айда 2 мың 991 жағдай тіркелді. Салдарынан 84 адам қаза тауып, 3 мың 211 адам жарақат алды. Жыл басынан бері жалпы, 1 миллион 582 мың 980 жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталды. Көлікті мас күйінде тізгіндеген 1 мың 718 жүргізуші ұсталды. Сот үкімімен 2 мың 443 жүргізуші көлік басқару құқығынан айырылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Күн сайын жолдағы жағдайға байланысты департамент полицейлері талдау жүргізеді. Әр мезгіл сайын жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізеді.

Алматы жүргізушілері 1 желтоқсан мен 1 наурыз аралығында қысқы дөңгелекпен жүруге міндетті. Техникалық регламент талабы осындай. Бұл ҚР Әкімшілік кодексінің 590-бабының 5-бөлігінде жазылған. Қысқы уақытта жазғы дөңгелекпен жүрген жүргізуші анықталса, полиция қызметкерлері айыппұл салуға құқылы. Мұндай бұзушылық үшін айыппұлдың ең төменгі мөлшері 5 АЕК құрайды. Егер бір жыл ішінде жүргізуші осындай құқық бұзушылықты қайта жасаса, онда айыппұл 10 АЕК-ке дейін артады.

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы Полиция
департаментінің ресми өкілі:

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР БАСТАЛДЫ

– Біздің қалада «Қорғау – қауіпті жүргізуші» автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Ол қозғалыстың қарсы жолағына шығатындарды, жалған нөмірлік белгілерді пайдаланып, жол қозғалысы ережесін бұзушыларды, көлік құралын басқару құқығынан айырылған, бірақ соған қарамай, көлік жүргізетіндерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралардың барлығы Алматыдағы жол жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Жол ережесін көбіне жолда жүру тәжірибесіне қарамай, тәртіпке бағынбайтын жүргізушілер жиі бұзады. Жаңадан көлік айдап жүргендер өте сак, бірақ олардың тәжірибесі

аз болады. Жыл басынан бері Алматы қаласы ПД саптық бөлімшелерінің күшімен қала жолдарында 1718 мас жүргізуші ұсталған. Мұндай бұзушылық үшін 7 жылға дейін жүргізуші куәлігінен айыру жазасы көзделген.

Қыс таяп қалды, сондықтан 1 желтоқсаннан 1 наурызға дейін біздегі барлық автокөлік қысқы дөңгелекке ауысуы керек. Өйткені, мегаполисте алғашқы қар жауғаннан кейін хаос басталады. Сондықтан жүргізушілер алдын ала қамданып, көлікті қыс кезіне ертерек дайындау керек. 1 қарашадан бастап полицейлер осы бағытта профилактикалық жұмыстарды бастады.



Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.11.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

15.11.2023

Түнде:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





БАЙЫПТАМА

Ресей Президенті Владимир Путин 9 қараша күні елімізге ресми сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік әріптесімен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Тараптар екі елдің экономикалық ынтымақтастығын дамыта түсу, тиімді ортақ жобаларды бірлесіп жүзеге асыру, энергетика тармағында әріптестік байланыстарды ұлғайту мәселелерін талқылады. Бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Әрине, РФ Президентінің Қазақстанға сапары, осы аптадағы маңызды саяси оқиғаның бірі ретінде, еліміздің ішкі-сыртындағы ақпарат құралдарының назарын аударғаны анық. Алайда, апта елімізге келген АҚШ Мемлекеттік департаменті өкілдерін күтіп алумен басталып еді. Ал алдыңғы аптаны еске түсірсек, елімізге Франция, Мажарстан, Түркия және өзге де бауырлас түркі елдерінің Президенттері келіп қайтқан. Ресми сапарлар мен жоғары деңгейдегі кездесулер Қазақстандағы және аймақтағы стратегиялық жүрістердің қарқынды екенін еске салғандай. Әрі бұл Қазақстан мен Орта Азияның күн сайын артып келе жатқан стратегиялық маңызын да айқындай түсті.

Мүдделі тараптардың ортақ мақсат-мұраттары

Қазақстанмен диалогты дамытуға тырысып жатқан әр тараптың уәжінде айырмашылықтар да, ортақ мүдделер де бар. Айталық, жүк тасымалы секілді мәселелерде Ресей, Қытай, Үндістан, Иран сынды іргелес ірі елдердің мүдделері бір қазанда тоғысып жатады. Бұл сапарында Ресей Президенті Қазақстанды Азияға бағытталған жүк тасымалдау мүмкіндігін дамытуға шақырды. Себебі, Ресей фермерлері үшін Үндістан мен Қытай, Иран сынды үлкен нарыққа шығатын тасымал бағыттары керек. Санкцияға байланысты батыс бағыттарда астық экспорттарының жолы тарылғандықтан, Қазақстан арқылы өтетін оңтүстік бағыты Ресейге маңызды бола түсті. Солтүстік көршіміз биыл шамамен, 60 миллион тонна бидайды экспортқа шығарғалы отыр.

Еліміз қазірдің өзінде Ресей мен Қытай

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖЫЛДАМДЫҚ

Қазақстан мен Орта Азияның стратегиялық маңызын айқындай түсті



Қолдағы жасаған Нұрбол ӨСЕРҰЛЫ.

арасын байланыстыратын теміржол қатынасында негізгі ел. Алайда, бұл жеткіліксіз екенін бізбен ынтымақтасуға мүдделі тараптардың талабы көрсете түсті. Қазақстан шығыстан батысқа, яғни Қытайдан Еуропаға қарай өтетін тауар тасымалымен шектеліп қалмауға тиіс. Бізбен ынтымақтастықты дамытқысы келетін тараптардың талабы солтүстіктен оңтүстікке, оңтүстіктен солтүстікке бағытталған импорт пен экспорттың жоғары қарқынын қамтамасыз етсе дейді. Әрі бұл еліміздің де басты мақсаттарының бірі.

Ресей Президентінің кезекті сапарында сөз болған энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселесі бұған дейін өзге сырт тараптың да бізге айтқан бұйымтайларының қатарында бар. Күз басында қазақ-герман қатынасының жаңа деңгейін көрсеткен дипломатиялық жүздесулер де, Франция Президентінің Қазақстан сапарында да энергия тасымалы мәселесі қамтылды. Дегенмен, Ресейдің уәжі сәл басқа екені белгілі. Солтүстік көршіміз қазақ жері арқылы өзінің энергия экспортына

жаңа бағыт ашқысы келеді. Осылайша, 30 жылдан кейін заман ағысы энергия тасымалындағы тәуелділік бойынша Қазақстан мен Ресейдің орны алмасатын сынайлы.

«Қазақстанның сыртқы серіктестік қадамдары ауқымды»

Путин сапарынан бірер күн бұрын, яғни 6 қараша күні Астанада АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілдері қазақстандық әріптестерімен бас қосты. Яғни Қазақстан-АҚШ Кеңейтілген стратегиялық серіктестік жөніндегі комиссияның (КССК) бесінші реткі мерейтойлық отырысы өтті. Жиын ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Қайрат Омаров пен АҚШ Мем. хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісі Дональд Лудын төңірағалығымен ашылды. АҚШ делегациясы Америка Құрама Штаттарының Қазақстанның егемендігі, аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігіне берік ұстанымын

тағы бір мәрте қуаттап өтті. Ары қарай аймақтық геосаяси тақырыптардан тартып, терроризмге қарсы күрес, құқық қорғау органдарының ынтымақтастығы, синтетикалық есірткі қаупіне қарсы тұру және есірткі тасымалына қарсы тұру мәселелеріне дейін әңгіме өрбіткен.

2018 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан үкіметаралық кеңестің былтырғы отырысы желтоқсанның орта шенінде өткен еді. Америкалық делегацияның биылғы қадамы сәл жіті болды. Әрі Ресей Президентінің Қазақстандағы ресми сапарынан бірер күн бұрын жасалды. Кейбір шетелдік басылымдар бұған да назар аудармай қалған жоқ. Айталық, The Diplomat басылымы бұл кездесуге айрықша назар аударыпты. Ол КССК бесінші отырысын Қазақстанның сыртқы серіктестік қадамдарының ауқымдылығы деп бағалаған. Әрі Вашингтонның Қазақстан мен Орта Азиядағы дипломатиялық жүрістерінің жылдамдығы арта түсті деп көрсетеді.

Бәсекеге бейімделу

Сырттай бағалайтын болсақ, Путин сапары еліміз бен аймаққа ықпал етуші күштер арасындағы жауаптасудың кезекті бір сериясы болды. Әрі шамалауымызша, бұл биылғы қарбалас дипломатиялық жүрістердің қорытындысы болуы да мүмкін. Себебі, біз Астанадан мүдделі барлық тараптардың өкілдерін көрдік.

Қазақстан Орта Азияда АҚШ-пен кеңейтілген серіктестік комиссиясын құрған жалғыз ел. Америкалық делегация Астанадан шығып Ташкентке ұшты. Онда да ұқсас және өзге де тақырыптар бойынша кездесу өткізді, одан ары Үндістан сапарына ұласты. ҚР СІМ тарабы АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілдерімен мерейтойлық отырыста кең ауқымды тақырыпта нәтижелі пікір алмасты. Ресей Президентінің сапары кезінде де ресми Астана жоғары дипломатиялық икемділік пен шеберлікті анық көрсетті. Солтүстік көршімізбен бірқатар тиімді келісімдер мен мақұлдауларға қол жеткіздік. Бұның өзі аймақтағы сыртқы ойыншылардың бәсекесі қыза түскен кезде қазақстандық дипломатияның мейлінше ысыла түскенін көрсетті. Яғни аймақ елдері ішкі-сыртқы жағдайдың талабына орай бәсеке жағдайына бейімделу үстінде.

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТАРТЫС

Халықаралық сотқа шағым: Израиль жауапқа тартыла ма?

Өткен сенбіде Сауд Арабиясының астанасы Эр-Рияд қаласында Араб және Ислам елдерінің кезектен тыс саммиті өтті. Жиынның басты тақырыбы – Палестина–Израиль мәселесі болды. Әсіресе, 11 мыңнан астам адам көз жұмған Газадағы қанды қырғын негізгі тақырып ретінде талқыланды. Жиын соңында тараптар ортақ декларацияға қол қойды. Онда Араб және Ислам елдерінің Израильді әскери қылмыс бойынша айыптап, халықаралық сотқа шағым түсіретіні айтылған. Дәлірек айтсақ, Халықаралық қылмыстық сотының прокурорынан Израильдің әскери қылмыстары бойынша тергеу жүргізуді талап еткен. Сонымен, Эр-Риядтағы жиынның қандай маңызы бар? Халықаралық сот не істей алуы мүмкін? Әскери немесе соғыс қылмысы немен айырмаланады? Адамзатқа қарсы қылмыс деген не? Ендігі сөз осы сұрақтар төңірегінде өрбімек...

Эр-Риядта қабылданған декларация

Араб және Ислам елдерінің басшыларын жинаған саммитте қорытынды декларация қабылданды. Бұл декларация Халықаралық сот прокурорынан Израильдің әскери қылмыстары туралы тергеу жүргізуін талап етеді. Негізгі мазмұнында Израильдің осыған дейін Иерусалимді қамтыған Палестина жерінде жасаған әскери қылмыстарына қатысты тергеуді толық аяқтауды талап кеткен. Соның қатарында адамзатқа қарсы қылмыс фактілерін де ашық тергеуді сұраған. Ал осы құжатқа қол қойған Ислам ынтымақтастық ұйымы мен Араб лигасының барлық мүшелеріне халықаралық сот прокурорының тергеуін қадағалауды міндеттейді. Әрі 7 қазаннан кейінгі Израильдің әскери не соғыс қылмыстарына қатысты немесе гуманитарлық құқықтардың бұзылуына қатысты деректерді жинап, сотқа дайындауды тапсырған. Былайша айтқанда, Газадағы қақтығыс кезіндегі Израиль әрекеттеріне қатысты барлық деректерді, соның ішінде соғыс қылмысына тән болған фактілерді жинастыруды әрі халықаралық сотқа жеткізуі керек.

7 қазан күні ХАМАС тобы Газадан шығып Израиль жеріне тұтқиыл шабуыл жасады. Бұдан 1400 шамасындағы израильдік көз жұмды. Бұл еврей мемлекеті құрылғаннан бергі бір уақытта болған ең көп адам шығыны саналады. Бұған жауап ретінде Израиль Газаға бағытталған әскери шабуылмен бастады. Израильдің қарымта әрекеті өздеріне жасалған қатігез шабуылдан кем түспеді. Тіпті, адам шығынымен салыстырғанда одан он есеге жуық асып түсті. Тынымсыз әуе және баллистикалық соққылардан Газа секторы қирандыға айналды. Деректерге

қарағанда қаза болғандар саны 11 мыңнан асты, оның ішінде 4600-ден астам бала, 3100 шамасында әйел көз жұмған. Жараланғандар саны 28000 шамасында. Бұл қақтығыс басталғаннан кейін бір ай уақыт өткендегі сан. Егер атыс тоқтамаса, бұл сандар әлі де ұлғая беретініне дау жоқ.

Бұған дейін БҰҰ мен оған қарасты бірнеше ұйым жағынан Израильге ауыр сындар айтылды. «Соғыс қылмысын» жасады, тіпті «адамзатқа қарсы қылмыс» жасап жатыр деген айыптаулар да кездесті. Эр-Риядта кезектен тыс саммит өткізген Араб және Ислам елдері қабылдаған декларация Израильді осы айыппен алғаш рет ресми сотқа тартқан халықаралық құжат болып саналады.

Газада соғыс қылмысы жасалып жатыр ма?

Бұның нақты шешімін, әрине, халықаралық сот шығарады. Дегенмен, көз алдағы көрініп тұрған фактілер Израильді де, ХАМАС ұйымын да соғыс қылмысынан ақтап ала алмасы анық. Соғыс қылмысы, әскери қылмыс немесе халықаралық гуманитарлық құқықты бұзу, геноцид, адамзатқа қарсы қылмыс... бұл ұғымдарға қатысты халықаралық қауымдастықтың өз анықтамасы бар. Соғыс кезінде жауласқан тараптарға ортақ сақтауға тиісті принциптер сонау 1949 жылы Женева келісімінде бекітілген. Онда соғыс майданының өзінде медициналық қызметке келергі келтірмеу, жаралылардың медициналық көмек алуға құқылы екені, соғыс тұтқындары жалпыға бірдей адам құқығына ие екенін, әрі жауласқан екі тарап әлеуметтік нысандарды, әскери емес нысандар мен қарапайым халықты қорғауға алуға міндетті екені белгіленген. Егер бұл принциптер бұзылған жағдайда олардың әрекеті соғыс қылмысы, әскери қылмыс ретінде бағаланады.

ХАМАС-тың радикалды мақсаты мен әрекеті Израильдің рақымсыз әрекеттерінің көлеңкесінде қалмасы және белгілі. Мәселе тараптардың күш тепе-теңдігінде болмауында. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш мырзадан тартып, БҰҰ Адам құқықтары бойынша жоғары комиссия төрағасы Фолькер Тюрк секілді қауымдастық өкілдері Израильдің қатаң әскери әрекеттерін айыптаған болатын. Комиссия төрағасы өткен аптадағы мәлімдемесінде Газа халқының коллективті жазалануы, күштеп эвакуациялау әрекеттерінің өзі де әскери қылмыс қатарында бағаланатынын айтқан еді.

Қандай да бір қақтығыс кезінде қақтығысқан тараптар үшін халықты қорғау бірінші орында тұруы керек. Бұл Халықаралық қауымдастықта қабылданған гуманитарлық құқықтың негізі саналады. Егер Газада қос тарап бірдей бейкүнә халықтың зардап шегуімен санаспай, қақтығысты жалғастырып жатқан болса, онда екі тарап та бірдей халықаралық гуманитарлық құқықтың шегінен шығып кеткен болып саналмақ.

Ал егер қақтығыстар барысында этникалық құрамына қарамастан көпшілік қауымды жаппай қыру, құл ретінде пайдалану,

жыныстық зорлық көрсету, мекендерінен күштеп қудалау, қатігездікпен қинау жазаларын қолданудың барлығы адамзатқа қарсы қылмыс болып саналады. Халықаралық қауымдастықтың анықтамасына сай, бұндай әрекеттерге әдетте бір елдің өз ішіндегі азаматтарына қарсы жасаған әрекеттері де жатқызылады.

Міне, егер Газадағы қақтығысқан тараптар осы әрекеттердің қай-қайсын бұзса да әлем қауымдастығына ортақ ережелерді бұзған болып саналмақ. Көбінесе соғысушы тараптар әскери басымдыққа жету үшін бұндай ережелерді сақтап отыруды қаламайды. Нәтижесінде қандай деңгейдегі қақтығыс болмасын, бейкүнә халық көбірек зардап шегіп жатады. Соғыстарда әскери нысандардан бөлек мектеп, аурухана, ғибадат орындары да қиратылып жатады. Сондықтан ережелердің сақталуы үшін халықаралық қауымдастықтың беделінің жоғары болуы бәрінен маңызды.

Соғыс қылмыскерлері жазаға тартыла ма?

Бір нәрсені білуге тиіспіз, тек палестиналықтар ғана емес, соғыстан зардап шеккен қарапайым израильдіктер де халықаралық сотқа соғыс қылмысы бойынша шағымдануда. Иә, олар да соғыс қылмысынан, қарапайым азаматтарға жасалған қатігез шабуылдан жақындарын жоғалтты. Бірі баласынан, бірі анасынан, бірі аға-бауыр жақындарынан айырылды. Халықаралық құқық қорғаушылардың Израиль–ХАМАС қақтығысы бойынша пікірінше, бір тараптың қылмыстық әрекетінің ауыр не жеңілдігі, екінші тараптың жауапкершілігін көлеңкелей алмайды. Яғни ХАМАС-тың қатігез әрекеттерінің өз алдына жауапкершілігі болатыны секілді, егер әскери қылмыс жасаса, Израильдің де дербес жауапкершілігі бар. Алайда, осы жауапкершіліктерді сұрайтын, әділеттілікті талап ететін қандай құзырлы орын болуы мүмкін?

Әрине, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамындағы Халықаралық сот бар. Ол 2002 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мемлекеттердің сот жүйесі шеше алмаған жағдайда жүгінуге болатын соңғы сот деуге болады. Бірақ оның күзіреті жалпы әлемдік деңгейде деп айту қиын...

Токетерін айтар болсақ, халықаралық қауымдастықтың немесе халықаралық соттың шешімдерін, қаулысын атқаратын ресми пәрменді орган жоқ. Бұл арада тағы да халықаралық қауымдастық беделінің маңыздылығы айқын көрінеді. Енді бір жағынан қазіргі арпалысқан әлем осы халықаралық ережелерді жаңартуға бағытталған. Болашақ жаңа әлемдік қатынастар қазіргіден ілгері, әлде кейін болатыны қазіргі кездегі ірі ойыншылардың әрекетіне тәуелді болып отыр. Мүмкін екі реткі жаһан соғысынан кейін өмірге Халықаралық қауымдастықтың келгені секілді, қазіргі терең дағдарыстардан кейін түбегейлі алға ілгерілеу болар ма?..

Әлемдік әділеттілікті жүзеге асырып, қорғансыз шағын елдердің, ең қауқарсыз ұлттардың да құқығын қорғай алатын кемелді халықаралық ұйым қалыптаса ма – адамзат міне, осындай дағдарысты кезеңде тұр...

Бетті әзірлеген
Естай БОЖАН.





САРАПТАМА

АРСЕЛОРМИТТАЛДАҒЫ АПАТ:

Әлеуметтік жауапкершілік қайырымдылық шараларымен ғана шектелмеуі тиіс

Жақында Костенко шахтасында қайғылы оқиға болды. Бәріміз компанияға бүкіл жауапкершілікті артып қойдық. Иә, компания өз жұмысшылары үшін жауапты. Әр адамның өмірі маңызды. Десе де, мемлекеттің, жалпы қоғамның да жауапкершілігін ұмытпаған жөн. Осы орайда әлеуметтік мемлекет, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты мәселеде ой қорытып көрсек. Сөзіміз мұнай-газ саласы төңірегінде болмақ.

ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР
ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТІН
АТҚАРЫП ЖҮР МЕ?

Костенко шахтасында болған оқиға еңбек жанжалдары тақырыбына оралуға мәжбүр етті. Еңбек даулары мен жанжалдары елімізде жиі болады. Ақпарат көздеріне шыққаны бар, шықпағаны қаншама. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің LS ақпараттық агентіне берген жауабында өткен жылы кәсіпорындарда 50 ірі еңбек жанжалы орын алған. 2021 жылмен салыстырғанда, 61,3%-ға өскен. Сол жылы 31 ірі еңбек жанжалы тіркелген екен.

Министрлік агенттікке берген жауабында ірі еңбек жанжалдары қай өңірде көп тіркелгені туралы да жазған. 50 жанжалдың 48-і Маңғыстау облысында, ал 2-еуі Атырау облысында болған. Наразылардың басым көпшілігі мұнай-газ саласында жұмыс істейді. Сондай-ақ, жұмысшылар жалақының көтерілуін, еңбек жағдайын жақсартуды, әлеуметтік қамсыздандыру секілді талаптар қойған дейді министрлік өз жауабында.

Еңбек жанжалдарын шешу үшін Маңғыстау, Атырау және Павлодар облыстарының басшылығымен ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді деген уәкілетті орган. Сонымен қатар, жұмысшылардың жалақысы көбейтіліп, кәсіби келіссөз мамандары тартылған. Биыл 2 мамырдағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің LS ақпараттық агентіне берген жауабында жыл басынан бері елімізде ереуілдер болғаны туралы мәлімет бар. Мамыр айына дейін 7 ірі ереуіл болған. Баяғы жартас, сол жартас. Тағы да еліміздің батыс өңірлері. Тағы да сол баяғы мұнай-газ саласы. Маңғыстау облысында төрт, БҚО-да екеу, ал Атырауда бір жанжал. Министрліктің мәліметінше, жанжалдардың пайда болу тәуекелдері мұнай-газ саласынан бөлек көлік және коммуналды салаларда басым.

Биыл жұмысшылардың да талаптары ұлғайған. Өткен жылғы талаптарға жалақыны индексациялау, ұзақ мерзімге контракт жасау, үстемақы төлеу талаптары қосылған. Сондай-ақ, министрлік еңбек жанжалдарын шешу мен оның алдын алу мақсатында Еңбек кодексіне өзгерістер енгізгені туралы жазған. Ол үшін жұмысшылардың жұмыс берушіге қоятын талаптарын ұсыну рәсімі жеңілдетілген.

Естеріңізде болса, 2019 жылы Теңіз мұнай-кен орнында жергілікті және шетелдік жұмысшылар арасында жанжал орын алған еді. Оған ливандық Эли Даудтың әлеуметтік желіде жариялаған суреті себепші болған. Жаппай жанжалдан 45 адам түрлі дене жарақатын алған. Осы оқиғадан кейін ведомствоаралық комиссия құрылған. Бұл еңбек жағдайын жақсартпаса, жұмысшыларға жалақы беруде әділетсіздіктің болуы этносаралық жанжалға алып келетінін көрсетті. «Оқиғаның басты себебі, отандық мердігерлердің кәсіби білігінің аз екенінде» деп жазған Мұнай-қызмет көрсету компаниялары одағының басшысы Рашид Жақсылықов. Сондықтан мәселені шешу үшін отандық мердігерлердегі жұмысшылардың кәсіби білігін арттыру қажет. Мемлекеттің де, одақтың да шешімдері орынды. Дегенмен, өндірісте оқыс оқиғалар тоқтар емес. Қарағандыда болған соңғы қайғылы оқиға сөзімізге дәлел. Енді өндірістегі жұмысшылардың қауіпсіздігі мәселесі туындады. Демек, жұмысшылардың әлеуметтік қорғау мәселесін қайта қарау керек секілді.

САНА ӨЗГЕРМЕЙ,
ТҰРМЫС ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Еліміздің Ата Заңында әлеуметтік

мемлекет екеніміз жазылған. Алайда, біз осы күнге дейін әлеуметтік мемлекет не екенін түсіне алмай келеміз. Әлеуметтік мемлекет қайырымдылықпен, мұқтаж жандарға көмекпен ғана шектелмейді.

Расымен де, сана өзгермей, тұрмыс өзгермейді. Бір қарағанда бұл, күнде нәпақасын тауып жүрген жұмысшыларға қатысты айтылған сөз сияқты. Себебі, оны байлар көп айтады. Ал біз мұны ең алдымен Үкіметке қарата айтып отырмыз. Өйткені, азаматтарға қарата «масыл» деп айту белең алып, әдетке айналды. Осы орайда қазақ халқының философы Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе – әдетіне айналады, әдетің – сенің мінезің. Мінезің – сенің тағдырың», – деген нақыл сөздері еске түседі.

Сонымен, «Әлеуметтік мемлекет» дегеніміз, «мемлекеттің бүкіл материалдық игіліктері, тапқан табысы мен байлығын әділетті бөлуді көздейтін мемлекеттік саяси модель. Оның басты мақсаты – азаматтардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, әлеуметтік айырмашылықтарды барынша азайту және мұқтаж жандарға көмек көрсету». Көріп тұрғанымыздай, әлеуметтік мемлекет тек мұқтаж жандарға көмек көрсетумен шектелмейді. Бірақ бізде мемлекеттік саясат тек осымен шектеліп қалған.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айтқан еді. Президент 2020 жылғы халыққа Жолдауында: «жалпы, бізге әлеуметтік саясаттың жаңа парадигмасы керек. Әлеуметтік қамтамасыз ету саласы 17 заңмен және заңға сәйкес ондаған актімен реттеледі. Бұл реттеуісінің күрделенуіне және жүйесіздігіне әкеп соқтырды. Соның салдарынан мемлекет жауапкершілігі айқындалмай, азаматтар өз құқықтарын жете түсінбей жүр», – деген еді.

Шынында да бізге жаңа әлеуметтік парадигма қажет. Мемлекеттің өзін әлеуметтік саясатын жөнге келтіруі керек. Ол үшін мемлекеттің материалдық игіліктері, тапқан табысы мен байлығы әділ бөлінуі тиіс. Мұндағы басты мәселе әділ бөлінуде. Мемлекеттің табысын қалай әділ бөлеміз?

Бұл сұраққа коммунизм байлардан алып,



(Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСКҰЛЫ.)

кедейлерге үлестіру керек деп жауап береді. Кеңес Үкіметінің 70 жылдан астам кезеңдегі саясаты бұл қағидаттың дұрыс емес екенін көрсетті. Осы орайда әкемнен естіген оқиға еске түсіп отыр. Революция кезі екен. Көшеде наразылар ұрандатып жүрген. Оны көрген қызы әкесіне жүгіріп келіп: «Әке, көшеде адамдар ұрандатып жүр екен», – десе, әкесі не айтып жатыр деп сұрапты. Сонда қызы: «Әлемде байлар жойылысын», – деп айқайлап жүр деп жауап берген. Сонда әкесі: «Бұлар қызық екен. Мен өмір бойы Құдайдан әлемде кедей адам болмасын деп тіледім ғой», – деген екен. Демек, коммунизм ұсынған жол теріс екен. Сол сияқты, шетелдік компаниялардан, инвесторлардан бизнесті тартып алып, үкіметке беру идеясы да теріс. Бұл отандық бизнеске де қатысты ой. Рас, былтырдан бері елімізде өтіп жатқан экономиканы монополиясыздандыру үрдісі қажет. Бірақ бұл жеке кәсіпті тұншықтырмай жүзеге асқаны жөн.

Бұл тұрғыдан қарасак, нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекет бір-біріне кереғар емес. Мемлекеттің өзінің шынайы әлеуметтік саяси моделін қалыптастырса, бизнес те оған ілесіп кетеді. Яғни кәсіпкерлер тапқан табысын әділ бөле бастайды. Кәсібі әрі қарай жаңғыруына және жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына мән берсе, кәсіпкер шынайы әлеуметтік міндетін атқарады. Мемлекет те солай. Ендеше, осы салаға қатысты заңнаманы талдасак.

ЗАҢДАҒЫ ЖҮЙЕСІЗДІК

Президент айтқан заңдағы жүйесіздік

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Chevron мен CNPC көшбасшы

Біздің заңнама ірі кәсіпкерлерге әлеуметтік жауапкершілікті міндеттемейді. Оларды жүзеге асыру әр компанияның өз еркінде. Соған қарамастан, мұнай-газ саласындағы шетелдік компаниялардың арасында игі істі қолға алғандар бар. Олардың ішінде америкалық Chevron және қытайлық CNPC компанияларын айта аламыз.

Жалпы, еліміздің мұнай-газ саласында америкалық, еуропалық, қытайлық, жапондық, ресейлік компаниялар жұмыс істейді. Ең алғашқы инвестор Chevron. Одан басқа америкалық ExxonMobil, CopocoPhillips; ресейлік Роснефть және Лукойл; қытайлық CNPC, CITIC және өзге де еуропалық компаниялар бар.

Ал енді екі көшбасшы компанияға оралсақ. Америкалық Chevron Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ мұнай-кен орындарында мұнай өндіреді. Теңізшевройл компаниясы жұмысшылардың жалақысын индексациялауды жолға қойған. Тіпті, бұл биыл жұмысшылардың наразылығына алып келген. Ақпан айында компанияның мердігері «Сенімді құрылыс» ЖШС жұмысшылары 500 мың теңге үстемақы талап етіп, наразылық білдірген. Компанияның сөзінше, өткен жылы кейбір мердігерлердің жұмысшыларына инфляцияға байланысты жалақыларын 8,4%-ға индексациялау туралы шешім қабылданған. Ал бұл шара қабылданбаған мердігер компанияларда жыл соңында әр жұмысшыға бер реттік үстемақы бекітілген.

Бұдан бөлек, Chevron компаниясы өз бастамасымен «Игілік» бағдарламасын жүзеге асырады. 1993 жылдан 2016 жылға дейін 1,1 млрд АҚШ долларын еліміздің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттаған. Компанияның саясаты әсіресе, жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерге мән береді. Компания сондай-ақ, азаматтық қоғамды дамытуға үлес қосуда. Жыл сайын қазақ тілді журналистер арасында «Әлеумет – қоғам айнасы» байқауы ұйымдастырылады. Оған әлеуметтік, мұнай-газ саласы бойынша қаламын шындап жүрген журналистер қатысады.

Қытайлық CNPC компаниясы да әлеуметтік, корпоративті жауапкершілікті ұмытқан емес. «CNPC – Ақтөбемұнайгаз» компаниясы өңірдегі көптеген әлеуметтік жобаларды қолға алған. Компания облыстық әкімшілікпен жасалған меморандум аясында түрлі жобаларды жүзеге асырған. Олардың мәліметінше, 1997–2022 жылдары 27,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлген. Айта кетер болсақ, компания өңірлік ауруханаларға 57 жедел жәрдем көлігін, мектептерге 500 компьютер сыйлаған. Сондай-ақ, «Жаңажол-КІ3» газ құбырын салуға атсалысқан. Бұлардан да басқа көптеген жобалар бар.

мемлекеттің жауапкершілігін айқындамауына және жұмысшылардың өз құқығын жете түсінбеуіне алып келді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан 2015 жылға дейін кәсіпкерлер мен кәсіпкерлікке қатысты заңнамада жүйесіздік болған. 29 қазанда Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексі» қабылданып, 2016 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

Кодекс оған дейін шашыраңқы болған бірнеше заңдардың күшін жойып, бір арнаға келтірді. Атап айтар болсақ, «Шаруа немесе фермер қожалығы туралы»,

«Инвестициялар туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Бәсекелестік туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңдардың әрқайсысы салаішілік мәселелерді реттеді. Мысалы, ҚР-ның 2003 жылғы 8 қаңтардағы «Инвестициялар туралы» заңы елімізде инвестицияларға қатысты қатынастарды реттеген. Оның ішінде инвестицияларды ынталандыру, инвесторлардың құқықтарын қорғау және олар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгіледі. Бұл көбіне шетелдік инвесторларға арналған заң болатын. Ал отандық кәсіпкерлерге қатысты «Жеке кәсіпкерлік туралы» бөлек заң да кезінде қабылданған. Сол сияқты, кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік бөлек заңмен реттелген. Бұл олқылық «Кәсіпкерлік кодексі» қабылданған соң жойылды.

Жаңа кодекстің басты ерекшелігі – мемлекеттік-әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік кәсіпкерлік және кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері қарастырылған. Бірақ олардың әлеуметтік жауапкершілігі мұқтаж жандарға көмектесу аясында қарастырылған. Дегенмен, әлеуметтік салаға қоса экологиялық жауапкершілік те жүктелген. Бірақ кодекстің 75-бап, 3-тармағында «кәсіпкерлік субъектілерін әлеуметтік жауапкершілік бойынша қызметті жүзеге асыруға мәжбүрлеуге ешкім құқылы емес», – деп жазылған. Сондықтан үкімет те, азаматтық қоғам да кәсіпкерлерді мәжбүрлей алмайды.

Заңдағы тағы бір кемшілік әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін анықтауға қатысты. Онда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын халықтың осал топтарына (мүгедек, жалғызбасты (әке-ана) және т.б.) жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек делінген. Бірақ бұл субъектілерге ірі кәсіпкерлер жатпайды (79-1-бап). Сонымен қатар, кәсіпкерлер Еңбек кодексіне сәйкес жалақыны индексациялауға міндетті емес. Бірақ 157-бап, 2-тармағының 2-тармақшасында ұжымдық еңбек шартында индексация мәселесі реттелуі мүмкін делінген. Десе де, мемлекет кәсіпкерлерді әлеуметтік мәселелерді шешуіне жағдай жасауы тиіс. Бұл істе шетелдік мұнай-газ саласындағы компаниялардың тәжірибесі мол.

ТҮЙІН:

Сөздің тоқтаты – әлеуметтік жауапкершілік қайырымдылық шараларымен ғана шектелмеуі тиіс және жоғарыда аталған компаниялардың оң тәжірибесі бүкілхалықтық сипат алғаны жөн.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА



Құрмет көрсетілді

Алматыда Қазақстанның халық әртісі, сиқыршы-иллюзионист, Халықаралық және дүниежүзілік конкурстардың иегері Сұлтанғали Шүкіров пен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сара Қабигожинаның құрметіне мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Мемориалды тақта орнатылуына белгілі тұлғалар, әріптестері, жақын-жуық ағайындары келіп қатысты. Сонымен бірге, өнер иелерінің игі істерінен естелік айтылды.

– Сұлтекең уағында Жамбыл облысында жұмыс істеп жүрген шақта келіп тұрды. Біз де Алматыға келген шағымызда араласып құраласып тұрдық. Сара да сондай талантты біртуар азаматша еді. Жалпы, еңбектің еленіп, ұмытылмай, өскелең ұрпаққа жетіп тұргандығы қуантады, – деді Қазақстанның Халық әртісі, композитор Алтынбек Қоразбаев.

Сондай-ақ, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мәдени көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру бөлімінің басшысы Арман Халбеков сөз сөйледі.

– Сұлтанғали Шүкіров пен Сара Қабигожина цирк өнеріндегі біртуар майталман тұлғалар. Олардың жасаған істері көпшілікке үлгі-өнеге. Жалпы, біздегі цирк өнері дамыған мемлекеттермен салыстырғанда кешеуілдеп жеткен. Соған қарамастан, өзінің биік дәрежесін көрсете білді. Соған атсалысушы ағамыз бен апамыздың еңбектері зор, – деді ол.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА:

11 500 орынға арналған 6 «Жайлы мектеп» салынады

Алатау ауданы 10 айды қорытындылады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Онда аудан әкімі ағымдағы жылдың 10 айы ішінде аудан көлемінде атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Аудан әкімінің айтуынша, қаңтар-қыркүйек айларында өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 520,1 млрд теңгені құраған. Ауданның өнеркәсіптік әлеуетінде 2 ірі («Масло-дел» ЖШС, «Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС), және 4 орта компания («Алматинский завод электрошитов» ЖШС; «Либелла ботлерс Алматы» ЖШС, «Бижан» ЖШС, «Техновид Плюс» ЖШС) бар.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар 9 айда 125,9 млрд. 902 млн. теңгені құрады. Жыл басынан бері 7496 жаңа жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар 85,4% орындалды.

Бүгінгі таңда 739,4 млн теңге сомасындағы атаулы әлеуметтік көмекті 1 426 отбасы алады. Аудан аумағында 5 медициналық мекеме және 3 жеке медициналық орталық бар. Онда 1300-ден астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Барлығы 272 611 тұрғын тіркелген.

Сапалы медициналық қызметтер көрсету және халыққа медициналық көмектің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 5 дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша «Нұркент» шағын ауданында инфекциялық аурулардың Ұлттық ғылыми орталығының құрылысы жүргізілуде. Оның жұмысы 2024 жылдың қыркүйегінде аяқталады.

● ТУРИЗМ

ӘЛЕМ ҚЫЗЫҚҚАН ҚАЛА

Алматыда шетелдік туристер ағыны 73%-ға өсті

Жайлы демалуды қамтамасыз ету үшін танымал маршруттарда кемпинг аймақтар құрылады

Алматыда биылғы бірінші жартыжылдықта шетелдік туристер саны 73%-ға өсіп, 261 мың адамнан асты. Бұл туралы Алматы қаласының Туризм басқармасы хабарлады.

Жыл соңына дейін Алматыға келетін шетелдік туристер саны жарты миллион адамға дейін жетеді деп болжанып отыр.

Бүгінде Алматыға шетелден ғана емес, еліміздің өзге өңірінен де келетіндер көп. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ішкі туристер саны 710 мың адамға жетіп, 14%-ға ұлғайды. Жалпы, туристердің жалпы саны 972 157 адам, 25,5%-ға өсті.

Туристердің жайлы демалысы үшін биыл 3 кемпинг аймақты (Ақбұлақ, УАК және Мыңжылқы) орнату жұмыстары аяқталды. Шатырлы орындар, төбесі жабық беседкалар, үстел-орындық, «Алтыбақан» ұлттық стиліндегі әткеншектер орнатылды.



Сонымен қатар, Кіші, Үлкен Алматы, Проходное, Бутаковқа шатқалдарын абаттандыру жұмыстары аяқталып, Қарғалы шатқалында жұмыс қолға алынған. Маршрут бойында навигациялық көрсеткіштер, акпараттық

стендтер, қалқандар, тіректер, түрлі-түсті нұсқаушы белгілер, беседкалар (әйнектелгендерді қосқанда), орындықтар, демалуға арналған платформалар, көпірлер мен қоршаулар орнатылған.

● СОТ ШЕШІМІ

Құрылыс нысаны сүрілді



Қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының хабарлауынша, сот шешімі бойынша Брюсов көшесі, 4, Скрябин көшесі, 35 қиылысында орналасқан, тұруға жатпайтын ірі нысан бұзылды.

Меншік иесі «өндірістік орын» мақсаты бар жер учаскесіне алаңы 470 метрге жуық нысан салған әрі мұнда мемлекеттік қордың жері де ішінара пайдаланылған.

Айта кетерлігі, Қала құрылысын бақылау басқармасы 2021 жылы меншік иесіне талап арыз беруге бастамашы болды, содан кейін сот процестері басталды.

Алматы қалалық сотының 2022 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен бірінші сатыдағы соттың объектіні ішінара бұзу туралы 2021 жылғы 2 қарашадағы шешімі өзгеріссіз қалды.

2022 жылғы 27 мамырда сот орындаушысы атқарушылық іс қозғады және меншік иесінің атына 2022 жылғы 13 маусымға дейін сот шешімін ерікті түрде орындау туралы хат жолдады, оны меншік иесі орындамады. Нысан сот орындаушыларының қатысуымен сүрілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Ақбұлақ», «Самғау» және «Әйгерім» шағынаудандарында салынады. Құрылысты жүргізу 2023-2024 жылдарға жоспарланған. Қазіргі таңда «Саялы-2» және «Зерделі» шағын аудандарында әрқайсысы 550 орынды екі мектептің құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарын 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Бұдан бөлек, «Зерделі» шағынауданында жалпы ауданы 2730 м² болатын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы бойынша жұмыстар аяқталуда. Ауданда барлығы 184 спорт ғимараты жұмыс істейді. Бүгінде ауданда 1440 орында екі колледж бен 760 орынға арналған жатақханалардың құрылысы басталған.

Тактайдай түзу жолдар болады

Алатау ауданында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында 60 көшедегі жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоспарланған 23 мың шаршы метрден 15 мың шаршы метр жол жабыны жөнделді. Аудан басшысы инженерлік инфрақұрылымды дамыту және қалпына келтіру мәселелеріне де тоқталды. Мәселен, жалпы ұзындығы 306,9 км болатын сегіз шағын ауданда құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарлануда.

620 көшеде жарық бар

Алатау ауданындағы жарық нүктелерінің саны – 38 105 дананы құрайды. Қазіргі уақытта 85%-ы жарықтандырылған.

– Аудан әкімдігі ішінара жарықтандырылған 378 көше бойынша көше жарығын салуға ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы 2024 жылы жоспарланған, – деді аудан әкімі.

Ауданның келбетін жақсарту және абаттандыру тақырыбын жалғастырған әкім Азамат Қалдыбеков «Алматы қаласының бюджетке қатысу» бағдарламасы қалай жүзеге асырылып жатқанын айтып берді. Биыл қала тұрғындарынан 303 жоба келіп түсті, оның ішінде тұрғындардың дауыс беруіне сәйкес іске асыру үшін 2 млрд 675 млн теңге сомасына 54 жоба іріктелді. Бүгінгі таңда 37 нысанның құрылысы аяқталды. Жыл соңына дейін қалған 17 жобаның құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, жыл соңына дейін Қарасу шағынауданындағы Бағаналы орда көшесіндегі аллеяның құрылысы аяқталады.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Әлеуметтік нысандар

көптеп салынады

Алатау ауданында халық көп қоныстанған. Сондықтан бұл аймаққа әлеуметтік нысандардың көптеп салынуы орынды. Брифинг барысында Алатау ауданының әкімі аймақта Президент тапсырмасы бойынша 11 500 орынға арналған 6 мектеп салынатынын жеткізді. Оның айтуынша, мектеп құрылысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылады. Жаңа жайлы мектептер «Теректі», «Қарасу», «Алғабас»,



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Біз ақпараттық технологиялардың қарышты қадаммен, күн санап дамып жатқан заманында өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі таңда бұл сала ел экономикасын, әлеуетін, өнеркәсібін дамытуда маңызды рөлге ие.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік сандық жүйемен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Бұл жаңашылдықтан алып шаһар Алматы да құралақан емес. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынған уақыттан бастап қаламызда IT саласына ерекше басымдық беріліп, мегаполистің дамуына үлес қосатын барлық сала сандық жүйеге ауысты.

Қазіргі таңда Алматыда мемлекеттік органдармен қатар, көлік және логистика саласы, денсаулық сақтау мен білім беру, ауыл шаруашылығы мен электронды сауда саласы да цифрлы жүйемен жұмыс істеуге көшкен. Бұл бағытта алматылықтарды цифрлы сауатты деп айтуға әбден болады. Дәлел ретінде халықтың мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін электронды жүйе арқылы жүзеге асыратынын айтуға болады. Қала халқы онлайн сауда нарығында да өте белсенді. Цифрлы әлемге кәдімгідей икемделіп алғанмыз сонша, қазір көпшілігіміз үйден немесе кеңседен шықпай-ақ түрлі операцияларды жасай беретін болғанбыз.

Салыстырмалы түрде осыдан он жыл бұрынғы халықтың өмір сүру дағдысын еске түсіріңізші... Ол кезде қайда барсаңыз да, ұзын-сонар кезек болатын. Жоспарлаған жұмысың бір кезекпен біте қойса жақсы ғой, келесі бір құжатыңды алу үшін қаланың ана шетіне жол жүруге тура келетін. Қарапайым халық осылай екі ортада шапқылап жүріп, күнін текке өткізетін. Ал қазір ше? Қазір кез келген азамат барлық жұмысты қолындағы алақандай ғана құрылғының көмегімен реттей алады. Ашық дереккөздердегі мәліметтерге сүйенсек, цифрлы жүйе енгізілген бері елімізде халықтың шағымы бұрынғы кездегіден әлдеқайда азайған. Бұл цифрландыру жүйесінің жетістігі екені сөзсіз.

Төлемді қашықтан жасайды

Аталмыш жүйенің көлік саласында да маңызы зор. Қазір көлік жүргізушілер кез



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

келген төлемді, оның ішінде салық, жаңа көліктерді тіркеу, айыппұл төлеу секілді тағы да басқа түрлі операцияны кеңсеге бармай-ақ жүргізе береді. Бүгінде тіпті сот орындаушысы да қарызын төлеуге құлықсыз көлік иесін іздеп әуреге түспейді. Көлікке қатысты кез келген іс-әрекетке онлайн түрде тыйым салуға болады. Ал жүргізуші сол тыйымның күшін үйде отырып та жоя алады. Тағы бір айтары, бұрын 2-3 күнді қажет ететін жұмыс енді әрі кетсе 10 минутта бітеді. Қорыта айтқанда, жаңа сервис уақыт үнемдеп, қағазбастылықты жойды. Сондай-ақ, азаматтардың бетпе-бет жүздеспей-ақ, төлемді қашықтан төлеуіне мүмкіндік берді.

Бірнеше қосымша қызмет

2015 жылдың 1 қазанынан бастап Алматының жолаушылар тасымалдайтын көліктері «Оңай» картасы арқылы жұмыс істеуге көшкен. Электронды түрде төлем жасауға мүмкіндік беретін құралда бірнеше қосымша қызмет бар.

Мәселен, аялдамадағы жолаушылар бұрын күткен көлігі қай уақытта келетінін білмей, тек жолға қараумен тұратын. Ал қазір қоғамдық көліктің қай аймақта келе жатқанын көрсетіп беретін онлайн бақылағыш іске қосылған. Бұл функция әсіресе, кешкі уақытта, автобустың не тоқтаға-

нын, не жүріп жатқанын біле алмай екі ойдың ортасында қалатын жолаушылар үшін таптырмайтын ең керекті дүние.

Бүгінде қоғамдық көлікті диспетчерлік басқару да цифрлық платформаны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілмен бақылау әлемнің көптеген ірі қалаларында қолданылады. Мәселен, мобильді қосымша арқылы жолаушылар автобустардың қозғалысын, өзіне керек қоғамдық көліктің нақты қай жерде келе жатқанын, аялдамаға қанша уақыттан соң келіп тоқтайтынын

біле алады. Демек, диспетчерлік басқару бүкіл қаладағы қоғамдық көлікті қадағалауға, яғни бүкіл қызметті осы бағдарлама арқылы біліп отыруға мүмкіндік береді.

Әуе қатынасы мен пойыздар қозғалысында да осы үрдіс. Сандық жүйе енгізілген халық қызметті қашықтан ала береді. Мәселен, барып-қайту билеттерін үйде отырып, тапсырыс беру арқылы сатып алуға мүмкіндік бар. Мұндай бір орталықтан басқару барлық сала үшін өте тиімді. Мамандар автоматтандыру, сандық технология үрдіс алып, ақпараттық заманға көшкелі бері аталмыш салада көлік қозғалысын басқару әлдеқайда жеңілдегенін айтады.

«Сергек» те сандық жүйеге негізделген

Қала көшелеріндегі бейнебақылау камералары да осы цифрландыру жүйесіне негізделген. Жол бойын ғана емес, қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті де бақылай алатын «Сергек» бағдарламалық кешені аз және кең ауқымды бірнеше камерадан тұрады. Тыйым салынған қызыл түске өтіп кету, бағдаршамның тыйым салған дыбысын елемей, жылдамдықты асыру, қоғамдық көлік жолағына өтіп кету сияқты деректерді дәлме-дәл анықтайтын «Сергек» ауа райының қолайсыздығына, яғни тұманды, жаңбырлы, қарлы-боранды күндерге қарамастан, жасанды интеллект және компьютерлік дәлдік арқылы оқиғаны нақты көрсетеді.

ТҮЙІН:

Аты айтып тұрғандай, цифрландырудың басты мақсаты – ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Байқасаңыз, қазір ақпараттың 95%-ында цифрлық хабар таратылады. Жаһандық озық тәжірибелерді қолдану халықтың өмір сапасын жақсартып, сапалы әрі жылдам қызмет алуға жол ашады. Жаңа технологиялар экономикалық өсімге, түрлі салалардың дамуына, қағазбастылықтан біржола құтылуға септігін тигізеді. Сонымен бірге, қаржыны тиімді пайдаланып, ақпараттық қауіпсіздікті арттырады, «ақылды қалалар» тұрғызу жоспарын жеделдетеді. Қорыта айтқанда, цифрландыру үрдісі көлік саласы қызметінің сапасына да едәуір әсер етті. Бұл – жаңа заман талабы! Ал Алматы халқы бұл жаңашылдықтың пайдасын көріп отыр.

ЦИФРЛЫҚ НОТАРИАТ

eGov Mobile

сенімхаттарды онлайн рәсімдеп береді

Азаматтарға нотариаттық қызметтер алуды айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беретін «Цифрлық нотариат» атты жоба аясында қазақстандықтар сенімхаттарды электронды түрде рәсімдей алады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қазақстан – нотариаттық қызметтің осы түрін цифрлық форматқа ауыстырған әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі. Бүгінгі күні онлайн режимде тек Франция мен Литвада ғана сенімхатты нотариалды куәландыруға болады.

«Цифрлық сенімхат» онлайн режимде клиент пен нотариустың бейнебайланысы арқылы рәсімделді.

Цифрлық сенімхатты алу үшін: – eGov Mobile қосымшасына кіру; – өтінішті толтырып, оған ЭЦҚ арқылы қол қою; – мәліметтерді растау үшін ко-

сымшадан нотариусқа бейнебайланыс арқылы қоңырау шалу; – белгіленген тариф бойынша нотариус қызметін төлеу; – «Цифрлық құжаттар» бөлімінде цифрлық сенімхатты алу керек. – Бұл қызметті өтініш берілген сәтте бос кез келген нотариус көрсете алады. Цифрлық сенімхатты барлық мемлекеттік органдарда немесе талап етілген ұйымдарда қағаз құжат сияқты ұсынуға болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында eGov Mobile қосымшасына кіру кезінде де, өтінішге қол қою кезінде де пайдаланушының биометриялық деректерін қолдана отырып, ЭЦҚ пайдаланылады, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының өкілі Жаңыл Әптеова.

ҚҰЖАТ

Саусақ ізін тапсыруға ешкімді мәжбүрлемейді

Құжат алу үшін саусақ ізін тапсыру ерікті болады. Яғни саусақ ізін тапсыруға ешкімді мәжбүрлемейді. Бұған дейін келер жылдың 1 қаңтарынан бастап паспорт пен жеке куәлікті рәсімдеу кезінде азаматтардан саусақ ізін алынатыны туралы хабарланған болатын.

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов жеке куәлік алар кезде саусақ ізін тапсыру шарасы ерікті болатынын айтты.

«Иә, сондай шешім қабылданды. Заң жобасына өзгерістер енгізіліп жатыр. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтардың саусақ ізін ерікті негізде



тапсыруын ерікті ету мәселесі қаралып жатыр. Шетелдіктерге бұл міндетті. Ал ішкі құжаттандыру кезінде бұл шара ерікті негізде болады», – деді Сәкен Сәрсенов.

Жалпы, саусақ ізін алуда, ең алдымен, қауіпсіздік мәселесі

жатыр. Бұл да Қазақстанды цифрландырудың бір қадамы іспетті. Сол арқылы әр адамның қауіпсіздігін арттыра отырып, көптеген үдерісті айтарлықтай оңтайландырамыз деген болжам бар.

Нұр ЖАМАЛ.



ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗГЕ – 30 ЖЫЛ!

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ АҚША

Бүгінде қазақ теңгесі қорғаныс элементтері бойынша әлемдік валюталар арасында үлгі боларлықтай сапаға ие

(Басы 1-бетте)

Теңгенің пайда болуы мен сауда айналымына енуіне Ұлы Жібек жолының қазақ жері арқылы өтуінің және оған ежелгі түркілердің ие болуының ықпалы өте зор болды. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб, Тараз, Испиджаб қалалары арқылы өтетін телімдері бойында орналасқан ежелгі қазақ даласында сауда, айырбас сауда түрі ертеден қалыптасқан. Испиджабқа одан солтүстік-батыс жақтағы Фарабқа, Шауғарға және одан әрі қарай Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстанға кететін тармақтары шыққан. Сол тармақтарының бойында орналасқан қалаларда материалдық игіліктен басқа сауда да жасалды. Қалалар тауар айырбасының негізгі үш бағыты: елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы және қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары тоғысып жатты. Қазақ халқы айырбас түрінде сауда жасауда малдың терілерімен қатар бағалы аң терілері, кымбат металдар алтын және күміс кесектерін сауда-саттыққа жұмсаған.

V–VIII ғасырларда Шу, Талас, Сыр бойындағы қалалардың өрлеуі барысында қоладан билеушілердің таңбасы бейнеленген теңгелер жасалды. Мәселен, Суяб, Тараз қалаларындағы теңге шеберханаларында Ашина әулетінің рәмізі деп есептелген арыстан бейнеленген. Жетісуды мекендеген түргештердің теңгелерінде «Түркеш қаған теңгесі» немесе «Түркінің көк ханының теңгесі» деген жазулар болды. VII-VIII ғасырларда өз мәнеттерін орталық Сырдария мен Отырар жазирасында түрік әміршілері, ал Жетісуда түркештер мен тухсилер шығарды. IX-X ғасырларда осы аумақ Саманид империясының құрамына кіргендіктен, Қазақстанның оңтүстігінде саманидтік әміршілердің мыс фельстері шығарылды. Мәнет сарайлары Отырарда (Фараб) және Испиджапта жұмыс істеді. Ақша айналысында 3 түрлі дирхемдер – мүсейяби, мұхаммеди мен штрифи болды.

Қазақ жерінде ақшаны жасау ісі Қарахан әулеті тұсында жақсы өріс алды. Осы мезгілде қалалар қанат жайып, тауар өндірісі мен сауда көлемі ұлғайған. Экономиканың өркендеуі ақша айналасында аса зор қаражат ағынын қажетсінген. Күмістің жетіспеушілігінен мәнет сарайлары дирхемдерді, яғни «күмістелген» деп аталатын беті күміспен жалатылған мыс мәнеттерін соға бастады. Ұсақ бөлшек саудада мыстан жасалған фельстермен есеп айырысты. Алтыннан жасалған мәнеттер саудада даналап емес, салмағына қарай қажеттілік бойынша майда кесектерге сындырылатын. Сол кезеңде Қазақстан аумағында Баласағұн, Барысхан, Испиджаб, Фараб, Будыккент қалаларында мәнет сарайлары қызмет етті.

Қарахан әулеті ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін, ақша айналымындағы тиындардың атауы да «динар, дирхем, фулс» деген арабша атауға ие болды. Яғни Қыпшақ тайпасы жайлаған Дешті Қыпшақ даласында күміс және мыс ақшаны қазіргі біз қолданып жүрген ақшаның атауымен атаған. Мәселен, алғашқысын танга (теңге), кейінгісін пул (пұл) деп атаған.



Орталық Азияның он алты қаласында, шамамен 1260–1280 жылдардың өзінде-ақ мәнет соғатын ірі сарайлар болған. Қазақстан аумағындағы сол кездегі Тараз, Жентте, т.б. қалаларда теңге сарайлары жұмыс істеген. Теңгелерде көбіне арыстан, сұңқар, балық суреттері бейнеленген. Кейбір дирхемдер мен пұлдарда шоқ жұлдыздардың бейнесі салынса, кейбірінде тотықұстың суреті салынған. Динар деп алтыннан соғылған тиынды айтатын болса, күміс тиынды дирхем деп атаған. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалаларда сауда-саттық жасауда дирхем, динар, пени, манат, фулс, ділдә, жамбы сынды ақша бірліктері айналымға түскен.

Ата-бабаларымыз қағаз ақшаны аққұйрық, ал, металл ақшаны бақыр, қара бақыр, күреш, кара күреш, шақа, соқыр, жармақ, тиын деп түрлі атаумен атаған. Сонымен қатар, көлемі мен салмағына қарай алтын мен күмісті тайтұяқ, фулс, ділдә, қойтұяқ, ботагөз деп атаған. Сонымен әртүрлі кезеңде жасалған теңгелердің өз

ерекшеліктері болған. Ресей империясының отарлауы барысында қазақтардың төл ақшасы ығыстырылып, орыс ақшалары, халық арасында «сөлкебай» деп аталып кеткен монеталар сауда айналымында болды.

Кеңестік билік тұсында кеңестік ақшалар мен тиындар қолданыста болып, Қазақстан біртұтас рубль аймағына болды. Ресей 1992 жылы 26 шілдеде өзінің төл валютасын енгізді, сол кезден бастап, рубль аймағындағы елдер Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанда қаржылық жүйелерін бөліп жіберді. Қазақстанға Ресей Орталық банкі қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынды. Сонымен қатар, Қазақстан рубльді пайдалану үшін Ресейдің құрамына, Ресей Федерациясының субъектісі ретінде енуі керек және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небәрі 700 млн-нан астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық банкіне тапсыруы керек деген талаптар қойды. Қорыта айтқанда, олар өз рублін Қазақстан тәуелсіздігімен алмастыруды ұсынды.

Қазақстанға КСРО-ның рубльдері ғана емес, рубль аймағынан шыққан елдерден де рубльдер келіп жатты. Айналымдағы рубль күннен-күнге құнсызданып сол кезде халықтың айтуынша, «сабан ақшаға» айналды. Осындай келенсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстанның төл валютасын шығаруға еріксіз жол ашты.

Англияның атакты «Харрисон және ұлдары» компаниясымен ұлттық валюта – теңге жасау туралы келісім-шарт жасалып, 1993 жылы теңгенің алғашқы партиясы басылып шықты, теңге сол жылы қарашаның 15-і күні айналымға енді. Төл теңгеміздің ең алғашқы банкноттарында еліміздің саяси өмірінде өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың бейнесі, ал сыртында кең байтақ жеріміздің сұлу табиғаты мен тарихи сәулет нысандары басылды.

Мәселен, 1 теңге – Әбу Насыр әл-Фарабидің суреті, 3 теңге – ақын Сүйінбай Аронұлының суреті, 5 теңге – композитор Құрманғазы Сағырбайұлының портреті, 10 теңге – шығыстанушы Шоқан Уәлихановтың, 20 теңге – ақын Абай Құнанбаев, 50 теңге – Әбілқайыр ханның суреті, 100 теңге – Абылай ханның портреті берілген болатын.

1993 жылы басылған «Портреттер» айналымында қазақ тарихындағы орны бар тарихи тұлғалар бейнеленді. Ал одан кейін төл валютамызға басылған «әл-Фараби» сериясы шықты. 1993 жылы қарашаның 22-сінде зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады. Елімізде валюта айырбастау бөлімшелері ашылып жатты. Қазақстанның ақша сарайы металл тиындарды шығаруға дайын болмағандықтан жедел түрде қағаз түрінде шығарды, бірақ 1 жылдан соң оларды

металл тиындарға ауыстырды. 1994 жылы қағаз тиындар жезден жасалған монеттермен алмасты.

Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы 1995 жылы 19 мамырда толық аяқталып, ресми ашылды. Ал монеттер Өскеменде орналасқан монета сарайында дайындалады. Бүгінге Қазақ елінің төл валютасы республикамыздың өзінде басылып шығады.

2019 жылы Қазақстан тарихында алғаш рет номиналы 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік ұлттық валютаның айналыстағы монеталары мемлекеттік тілдегі жазулары латын графикасы арқылы шығарыла бастады. Бүгінгі күні банкнот диапазоны 500, 1000, 2000, 5000, 10 мың және 20 мың теңгелік банкноттардың номиналдарынан тұрады. Монеталар диапазоны 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100, 200 теңгелік ретгі еселік құрылым болып табылады.

Қай елдің болмасын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Ел арасында «Теңге тиыннан өсер, жылқы құлыннан өсер» деген тәмсіл, өмірден алынған шындық. Тіршіліктің арбасының дөңгелегі – теңгемен дөңгеленіп тұр.

Бүгінде мемлекеттің дамуында теңге маңызды рөл атқарады, онсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес. Ел тарихындағы тағдырлы сәтте дүниеге келген ұлттық валютамыз 30 жыл уақыт ішінде Қазақстанның дербес қаржылық, экономикалық жүйесін қалыптастыруға негіз қалады. Бүгінде тәуелсіздігіміздің символына айналған ұлттық валютамыз – теңге уақыт талабына сай оның дизайны өзгеріп, қорғаныстық қабілеті жетілдіріліп, халықтың қажетін өтеп келеді. Төл теңгеміз 30 жыл ішінде дизайны, сапасы, сонымен қатар, әлемнің валюталары арасындағы 18 қорғаныс дәрежесі бар ең қорғалатын валюталардың бірі. Үш жыл қатарынан – 2011, 2012, 2013 – әлемдегі ең әдемі ақша деп танылды. Бүгінде қазақстандық теңге қорғаныс элементтері бойынша әлемдік валюталар арасында үлгі боларлықтай сапаға ие.

Төл теңгеміз пайда болғалы жүргізіліп келе жатқан мемлекеттің тізбекті қаржылық саясатының негізінде елімізде нарықтық институттар макроэкономикалық тұрғыдан тұрақталып, біртіндеп қалыптаса бастады. Мемлекет ішіндегі қаржы айналымы да теңге арқылы орындалады. Бүгінде ұлттық валюта барша мемлекеттер мен халықтар үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы. Қазақстан Республикасы 1997 жылдан бастап 15 қараша – Ұлттық валюта күні деп атап өтетін болды. Сонымен қатар, бұл күнді қаржыгерлер мен банк қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде атап өту дәстүрі қалыптасты.



Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры, тарих ғылымының
кандидаты.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«Жаралы сезім», «Жетімдер», «Менің де атым Қожа», «Көкжалдар» сияқты басқа да бірқатар фильмдер түсірген Еркін Рақышев көпшілікке қоғамдық белсенді ретінде де танымал. Биыл көктемде оның Алматы қалалық мәслихатына депутаттыққа өткені мәлім. Бүгінде сайлаушылар аманатын орындауға белсене кірісіп жүрген ол, шығармашылығын да естен шығармаған. Фильмдерінде онсыз да әлеуметтік мәселелерді жиі көтеретін режиссерге депутаттық жұмыс нағыз «іздегенге – сұраған» болғанға ұқсайды. Ел-жұртпен жиі кездесіп, мұң-мұқтажын білу, ой бөлісу оны жаңа ізденістерге бастаған сыңайлы. Режиссермен әңгіміміз де осы төңіректе өрбіді.

Еркін РАҚЫШЕВ,
кинорежиссер:

ЖҰРТҚА ҮМІТ СЫЙЛАУҒА ТЫРЫСАМЫН...

халыққа «мүдделеріңізді қорғаймыз» деп сөз бердік пе,
демек сол уәдеде тұруға тиіспіз!

«ӘРБІР ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ӨТЕУІ, ҚАЙЫРЫ БОЛАТЫНЫН КӨРСЕТКІМ КЕЛДІ...»

«Мен қазір «Жаралы сезімнің» жалғасын түсіруге дайындық үстіндемін, – дейді біздің кейіпкеріміз. – Бұл өзі халық сүйіп көрген кино болды. Сол себепті, кейіпкерлердің кейінгі тағдыры туралы сұрайтындар көп. Кинематографияда өзі солай: бір фильм сәтті шықса, көрермен қалайда оның жалғасын күтеді».

– Жақында түсірген «Бақытыңды аяла» атты киноңыз үлкен экранға шықпады. Неге?

– Біріншіден, оны көрсету үшін кино-театрлар көп ақша сұрады, ондай қаражат бізде болған жоқ. Екіншіден, «саяси астары бар екен, аздап болса да Қаңтар оқиғасы көрсетіледі, партиялар айтылады, ондай киноны біз көрсете алмаймыз» деді. Телесарналар да бас тартты. Айтыстық, тартыстық, көрсетуге шамамыз келмеді сол бойы. Бірақ түбі шығады, халыққа жетеді, көпшіліктің көңілінен шығады деп ойлаймын. Қазір тек YouTube арнасында ғана бар. Қарап отырсам екі мыңдай пікір жазылған екен. Солардың 99 пайызы «керемет кино» деп баға беріп жатыр.

– Осы фильмнің түсірілгені жайлы жаңалықтардан айтылғанда өзіңіз оны «Бұл – мейірімділік, қайырымдылық жайлы фильм. Мен осы арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптегім келді» деп айтқан едіңіз...

– Ол рас. Қазір елге мейірімділік жетіспейді. Әлеуметтік желілерден, түрлі келеңсіз көріністерден байқайтынымыз – қоғам азғындап бара жатыр. Жастарымыз да, жасамыстарымыз да жаман әдеттерге үйір болып кетті. Мен осы тұста махаббат оқиғасын өзек ете отырып, жасалған әрбір жақсылықтың өтеуі, қайыры болатынын көрсеткім келді. Ал саяси астар дегенде, басты кейіпкер «Ел мен жер» партиясының белсендісі болады және арасында партияның алдына қойған мақсаттары аздап айтылады. Балташ Тұрсымбаев ағамыз негізін қалаған бұл партия әлі тіркелген жоқ, бірақ жерді қорғауда еңбек еткенін, Қаңтар оқиғасына байланысты жауапсыз сотталған азаматтарды ақтауға ықпал еткенін ел-жұрт біледі. Ол өз алдына, енді аталған фильмді көрген қаншама көрермен де «Ел мен жердің» мақсат-мұратынан хабардар болғаны даусыз.

АЗАМАТ БОЛҒАН СОҢ ЕЛ ІШІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРАЛАСУ – ПАРЫЗ, ДЕПУТАТ ҮШІН – МІНДЕТ

– Қазір енді мәслихат депутаты ретінде қандай жұмыстармен айналысып жатырсыз? Қандай мәселелердің шешімін табуына атсалыстыңыз?

– Мен өзім сайланған учаске бойынша адамдардың арыз-шағымын тыңдап, соларды шешіп беруге көмектесемін. Мысалы, өткенде осы қаладағы Алма-арасан жақтағы бір ауылға жол салып береміз деп уәде етіп алып, салмай жүрген бір басқарма басшысымен сөйлесіп: «Істесең істе, істемесең – тура Пре-

зиденттің өзіне шығамын, айтамын» деп едім, «Ойбай, Ереке, сізді білеміз ғой, айттам десеңіз айтасыз, ұят болады бізге, масқара боламыз, жұмыстан шығарады, істейміз қалайда» деп жаны қалмай кетті.

Басқа депутаттар сияқты емес, мен кімге болсын бетіне айтамын, жалтақтап отырмаймын. Сондай-сондай проблемалар көп. Ұлтшыл азамат болған соң бұрын ел ішіндегі мәселелерге араласу парыз болған болса, енді депутат болған соң, ол – міндет. Халыққа «мүдделеріңізді қорғаймыз, мұң-мұқтаждарыңды билікке жеткізіп, соның орындалуына ықпал етеміз» деп сөз бердік пе, демек сол уәдеде тұруға тиіспіз.

Сондай-ақ, біз тек бір ғана округ бойынша емес, бүкіл қаланың мәселесіне жауап береміз. Күні кеше ғана әкімдіктің қаңғыбас иттерге байланысты жиналысына қатыстым. Бір қарағанда оп-оңай нәрсе сияқты, біреулер «қаңғыбас иттерді ұстап алып, атып тастамай ма, ұйықтата салмай ма» деп ойлауы мүмкін.

– Ал сонда қиындығы неде?

– Сонымен айналысатын мекемеге арнайы Заң керек екен. Олар былай істейді: қаңғыбас иттерді ұстайды, сөйтіп, арнайы питомникке апарып, бір айдың ішінде сұрыптайды. Қатты агрессивті иттер болса оларды ұйықтатады, ал қалғандарын, яғни қабаған еместеріне сырға сияқты бірдеңе салып, қайтадан босатып жібереді. Қазір көшеде босып жүрген екі иттің бірін сондай, әлгі питомникте болып шыққан ит. Соған байланысты айтыстық. Біреулер «ату керек» дейді. Итті қорғағыштар: «обал, өлтіруге болмайды» дейді. Мен айттым: «Бәрің ет жейсіңдер. Осы Қазақстанда жылына кем дегенде бір миллион қой сойылатын шығар, оған үндемейсіңдер. Неге айтпайсыңдар: «соймандар» деп. Ал көшеде қаңғып жүрген иттерге жандарың аши қалыпты» – деп.

Шындығында, қаңғыбас иттер өте көп бізде. Горький паркінде де өріп жүреді, таңғы сағат 5-ке дейін барсаңыз, тіпті талап тастауы мүмкін. Қаншама шағым түседі сол туралы! Өткенде бір танысым таңертең паркте жүгіріп жүрсе, қабаған иттер қосыла қуыпты. Сондықтан бұйыртса, біз енді питомникте жұмыс істейтіндермен сөйлесіп, аталған Заңға өзгерістер енгіздіру жайында ойланамыз.

• *Жалпы, қазір депутаттар бұрынғыға қарағанда өте белсенді. Мысалы, бұрын бюджет келсе, мәслихат 2-3 күн қарап, бекітеді екен. Мыңдаған жобала ақша дұрыс бөлінген-бөлінбегенін санаулы күнде сараптап, айту мүмкін емес қой. Қазір олай емес. Кімге ақша керек болса, ол бізге бір ай бұрын келіп айтады, біз тексереміз, мамандармен ақылдасамыз, өткен жылғы ақшаны қалай игергеніңіз есебін сұраймыз. Сөйтіп, қазір әр басқармамен қатты жұмыс істеп жатырмыз. Себебі, «судың да сұрауы бар». Ертең бәрінің есебін халық бізден сұрайды, «Мына жерге мұнша ақша бөліп едіңдер, сондағы бітіргені мынау ма?! Не мынау?!» деп. Мен өзім мәде-*

ниет, жастар, дін, спорт және саясат басқармаларымен жұмыс істейтін комиссияның құрамындамын.

«ХАЛЫҚҚА БАРЫНША ПАЙДАМЫЗДЫ ТИГІЗУЕ ТЫРЫСЫП КЕЛЕМІЗ»

– Депутат ретінде, бүгінде халықпен бұрынғыдан да тығыз байланыстасыз. Сіздіңше, қазіргі таңда ел-жұртты көбіне не мазалайды, не алаңдатады?

– Ондай мәселе көп. Мысалы, қымбатшылық. Халықтың айлығы шайлығына жетпейді. Сондай-ақ, жұмыссыздық. Баспана мәселесі де қиын. Жер жоқ үй салатын. Көлік тығыны, жол бойына машина қоюдың қиындығы да – өз алдына бітпейтін жыр. Депутаттардың қолында көп нәрсе тұрған жоқ. Бірақ шамамыз келгенше шешуге тырысамыз.

– Атап айтқанда, не шештіңіздер?

– Мысалы, біз өзіміздің комиссияға қарасты мекемелердің айлығын көтеруге күш салдық. Соның нәтижесінде архив, кітапхана, Қуыршақ театры, «Алатау» дәстүрлі өнер орталығы, хайуанаттар бағы сияқты, 9 түрлі мекеме қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға артты. Біз мәслихаттың басқа комиссияларының жұмысына да қатыса аламыз. Бірақ ол жерде біздің дауыс саналмайды. Өзімді мақтағандай болмайын, бірақ халыққа барынша пайдамызды тигізуге тырысып келеміз. Менің телефоным тәулігі бойы ашық, қоңырау шалса, жиналыста болуыма байланысты көтере алмауым мүмкін, ал вацапка жазса, артынан қарап, қалайда жауап беремін.

«НЬЮ-ЙОРККЕ БОРАТТЫҢ АРТЫНАН ҚҰЫП БАРДЫМ»

– Қоғамдық қызметіңізге орай, қалада түйінді, толғақты мәселелердің көп екенін байқағаныңыз анық. Соның ішінде өзіңізді ерекше толғандыратыны не нәрсе?

– Мысалы, көлік кептелісі. Мен біраз жерлерде – Токиода, Нью-Йоркте, Германияның біраз қалаларында болдым. Кептеліс болса, соларда болуы керек еді, бірақ жоқ сол. Ең Құдай ұрғаны – біздің қала. Алматыдағыдай кептеліс тіпті әлемде жоқ шығар. Бұл тығырықтан шығу үшін әкімдік қазір түрлі шараларға барып жатыр. Соның бірі – қалаға кіреберістерде үлкен автотұрақ жасамақшы. Маңайдағы ауылдардан келетіндер көлігін сонда қалдырады да, ары қарай автобустармен кетеді. Бірақ мамандардың айтуынша, бұл қадам мәселені 15–20 пайыз ғана шешетін көрінеді. Яғни бұл жерде түбегейлі бір амалын табу керек.

– Мысалы, қандай?

– Мысалы, мен өзім қолымда билік болса былай істер едім: қаладағы әл-Фараби, Абай, Төле би, Райымбек сияқты негізгі көшелердің үстінен аспалы жолдар салар едім. Оларда жолаушылар кіріп-шығатын жерлер көп болмайды. Негізгі-негізгі 2-3 аялдама ғана болады. Сонда көше екі есе үлкейетін еді. Әрине, оған ақша керек. Ол жерде ешқан-

дай ғимарат кедергі жасап тұрған жоқ, бәрі ашық. Жолдың үстіне дәл сондай жол сала салады, болды. Басқа елдерде екі қабат түгіл, бірнеше қабаттан тұратын жолдар бар ғой. Бізде де неге істемесек?! Қаржы да табылар еді, әрине. Бірақ біздің бір жаман әдетіміз – ақшаны орнымен жұмсамаймыз, көрсек бітті, жегіміз кеп тұрады.

– Токиода, Нью-Йоркте, Германияда болғаныңызды айтып қалдыңыз. Қандай мақсатта барып едіңіз?

– Мен Нью-Йоркке Бораттың артынан қуып бардым ғой. Бруклин деген ауданында еврейлермен кездесіп: «мына оңбағанның жанын шығарамыз, осы бір ақымаққа бола, бүкіл еврейдің қасиетті жерлерін іске алғысыз ғып тастаймыз, мен де кино шығарам, сосын жүресіңдер өмір бойы ақтала алмай. Мына жыңдыны тоқтатыңдар», – деп сөз сөйледім. Бұл Нью-Йорк Таймс газетінде де басылды. Сол жылдары қызық болды. Мен Борат жайлы кино түсіріп, әлемнің көптеген басылымдарына сұхбат бердім. Бірақ халықаралық әлдебір нормалардың бұзылуына байланысты ол киноны экранға шығартпай қойды.

«ӘЛЕМДІ ЖАУЛАУДЫҢ, ҚАЗАҚСТАНҒА АҚША ТАРТУДЫҢ ЖОЛЫ – КИНО»

Токиоға жапон нарығына шығу үшін бардым. Солармен бірігіп, «Таң шығыстан атады» деген фильм түсірдім. Жалпы, киноны дамыту үшін фильмдерімізді шет елдерге сатуымыз керек. Біз керісінше, 30 жыл бойы солардан сатып алдық, экранды көрістің, түріктің, үндінің, басқаның өнімдерімен толтырып келдік. Ал біздің бір киноны шетел көрмейді. Өйткені, біз шығара алмаймыз ол жаққа. Міне, осы тақырыпты жандандыруымыз керек.

Қазір, Құдайға шүкір, қазақ киносы жақсы дамып жатыр, талантты режиссерлер де бар. Енді соларды халықаралық деңгейге шығару керек. Әлемді жаулаудың, Қазақстанға ақша тартудың жолы – кино. Мен соны зерттедім. Қытайлармен бірігіп, «Өйгерім» деген кино түсірдім. Бірақ қытаймен қиындау, ал жапондармен жеңіл екен. Жапонияға барып кино түсіруге, жапон нарығына шығаруға болады. Олардың нарығы біздікінен 10 есе үлкен.

– Киноларыңыз туралы кәсіби мамандар не дейді? Қандай сын айтады?

– «Тойдың камерасымен түсіріпсің» дейді. Мен айтамын: «халық сендердің арнайы камерамен түсірген киноларыңнан гөрі, менің киноларымызды көп көреді. Жақсы камера берілдер, мен сендерге үйретемін киноны қалай түсіруді», – деп. Үкімет ақша бермейді маған, «тыныш жүр, ананы айтпа, мынаны айтпа, ешкіммен ұрыспаса» дейді. Әділетсіздікті көріп тұрып мен қалай айтпаймын, қалай тыныш жүремін?! Содан кейін де ақша бір күн бар, бір күн жоқ, бір күн аш, бір күн тоқ, сөйтіп жүрміз. Бірақ бір күні мен Жапонияға барып, қатқан кино түсіремін де, бүкіл 15 жыл бойы түсірген киноларымыздың ақшасын шығарып аламын.

– Фильмдеріңізді оқиғалардың барлығы дерлік жақсылықпен аяқталады. Ал өмірде көп жағдайда бәрі басқаша ғой. Бұл көрерменді әдемі ертегімен алдарқату емес пе?

– Менің киноларымда жағымды кейіпкерлермен қатар, жағымсыз кейіпкерлер, жаман адамдар да көп. Бірақ мен бәрібір жақсылықты басым түсіремін. Онсыз да қажып жүрген адамдарды одан бетер түңілте бергеннен не пайда? Сол үшін әрдайым мейірімділікті насихаттауға, жұртқа бір үміт сыйлауға тырысамын.

– Өзіңіз айтқандай, Үкімет ақша бермесе, демеуші болмаса, киноларыңызды қалай түсіріп жүрсіз?

– Мен «Бақытыңды аялауы» 1 мың доллармен бастағанмын, ал «Жаралы сезімді» бір миллион теңгемен бастадым. Неге ақшасыз бастаймын, білесіз бе? Себебі, Алла Тағала маған сценарий жаза алатын, кино түсіретін қабілет берді, еңбекқор етіп жаратты. Демек, қарап жатпауым керек. «Бірдеңе ғып бастасам, ақша табылады» деп ойлаймын да, кірісіп кетемін. Сенесіз бе, шынымен-ақ, Құдайға шүкір, Алла өзі бір ретін келтіреді, береді. Оны әртістер де біледі, сенеді.

– Әңгімеңізге рахмет! Шығармашылығыңызға табыс тілейміз!

Роза
РАҚЫМҚЫЗЫ.





АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
МАРАПАТТАЛДЫАнталиияда өткен олимпиададан алматылықтар
24 жүлдемен оралды

Анталиия қаласында 2009 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан олимпиададан №144 мектеп-гимназиясының оқушылары жақсы нәтиже көрсетіп, бас жүлде – Анталиия қаласындағы Туризм академиясында тегін оқуға мүмкіндік алып отыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұған дейін №144 мектеп-гимназиясы мұндай халықаралық жарыстарға қатыспаған болатын. Мектеп намысын қорғауға Түркияға 12 оқушы барып, 24 олимпиада жүлдесімен оралды. Олимпиада жүлделері математика, биология, дүние жүзі тарихы, орыс тілі және ағылшын тілі бойынша сарапқа түсті.

– Халықаралық деңгейдегі жарысқа алғаш рет қатысып отырған соң оқушыларымыз қатты қобалжыды, тіпті үздік ондыққа кіре алмай қаламыз ба деген қорқыныш болған. Алайда, біздің мектептің мақтаншылары топ жарып, үздік үштіктің арасынан көрініп отыр. Қарапайым ғана оқушылар әлемнің үздік мектептерінен келген қатысушыларды сан соқтырып кетті. Бұл біз үшін өте жақсы нәтиже. Қолдау көрсеткені үшін Qazaq stroй компаниясының бас директоры Нұрлан Артықбаевқа алғысымызды білдіреміз, – деді, №144 мектеп-гимназиясының директоры Әлия Қазыбекқызы.

Оқушылардың халықаралық жарысқа баруына демеушілік танытқан Qazaq stroй компаниясы жеңімпаздарды жүлделі орындарымен құттықтап, сыйлықтар табыстады. Компания өкілдері алдағы уақытта жас таланттарға қолдау көрсетугін тоқтатпайтынын жеткізді. Компанияның басқарушы директо-

ры Болат Ибрагимұлы өзінің жылы лебізін білдірді.

«Бізге мектеп әкімшілігі мен ата-аналар тарапынан қолдау көрсетуге өтініш түсті. Біз көп ойланбай өтінішті қабыл алып, оқушыларды олимпиадаға жіберуге атсалыстық. Балалардың мұндай үлкен жетістіктерге жетуіне себепші болғанымызға қуаныштымыз. Біздің компания әрдайым қолдау көрсетуге дайын. Себебі, балалар – біздің болашағымыз. Қай кезде де білім бірінші орында болуы керек. Оқушыларды жетістіктерімен құттықтап, тек қана сәттілік тілеймін», – деді Б.Ибрагимұлы.

Анталиия қаласындағы Туризм академиясында тегін оқуға мүмкіндік алған Максим Ефременко олимпиадада ағылшын тілі мен орыс тілінен бірінші орын, математика пәнінен үшінші орын иегері атанды. Сонымен қатар, бірнеше конкурстың жеңімпазы болды.

– Бұл олимпиада мен қатысқан халықаралық деңгейдегі алғашқы жарысым. Мен үшін үлкен тәжірибе болды. Анталиия қаласы қатты ұнады. Көптеген жаңа нәрселер үйрендім, өзімнің деңгейімді тексердім. Осы жолы бағымды бірнеше сайыста сынадым, нәтижесінде бас жүлде – Грант иегері атанып отырмын. Мектеп директоры мен ұстаздарыма осындай мүмкіндік беріп, маған сенгендері үшін алғысымды білдіремін, – деді М.Ефременко.

МЕРЕЙ

ҒЫЛЫМ
ЖОЛЫНДАҒЫ ҒҰМЫР

XXI ғасыр қарқынды бәсекеге толы ақпараттық қоғамда әлеуметтік дамуға бағдарланған ортада әлеуметтану гуманитарлық бағыттағы ғылымның рөлі ерекше. Әлеуметтанулық ғылым саласында өзінің қажырлы еңбегімен, ғылымда іздемпіздық зерттеулерде өз орнын қалыптастырған, көптеген шәкірттер даярлап, биік табысты жетістіктерге жеткен ұлағатты ұстаз, ғалым Мәнсия Сапарғалиқызы Садырованың өмірі мен еңбек жолы әлеуметтану саласында білім беруде және ғылымда жеткен жетістіктерімен тығыз байланысып жатыр.



Мәнсия Сапарғалиқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Философия және саясаттану факультетінің Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, әлеуметтану ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы әлеуметтанушылары Академиясының академигі.

1981 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің тарих факультетін, 1987 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің философия саласы бойынша аспирантураны философия мамандығы бойынша бітіріп, «Қазақстандағы өндірістік ұжымдардың әлеуметтік белсенділігі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация, 1999 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Әлеуметтану кафедрасы жанындағы докторантураны бітіріп, «Қазақстан интеллигенциясының әлеуметтік-кәсіби мобильділігі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1981–1990 жылдары А.С.Пушкин атындағы Оралдың педагогикалық институтында, 1990–1994 жылдар аралығында Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Әлеуметтану және политология кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметін атқарған.

1994 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы, доценті, профессоры қызметінде білім берумен және жобалық зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Мәнсия Сапарғалиқызы әлеуметтану ғылымын дамыту жолында 150-ден аса ғылыми мақала, 4 монография және 15 оқу құралы

және 10 шетелдік журналдарда мақала жариялаған. Әрбір еңбегінде қазіргі қоғам интеллигенция өкілдерінің әлеуметтік-кәсіби мобильділігін, жұмыссыздық пен кедейлік, миграция, индустриалдық-инновациялық даму мен білім беру саласындағы маңызды мәселелеріне зерттеу жасаған. 2 ғылым кандидатын, 5 ғылым докторын және 2 PhD доктор даярлап шығарған.

Мәнсия Сапарғалиқызы ғылымға қосқан ерекше еңбегі үшін 2004 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2007 жылы «Үздік оқытушы–2007» байқауының жеңімпазы, 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2017 жылы «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 80 жылдық» төсбелгісімен, 2022 жылы А.Байтұрсынов төсбелгісімен марапатталған.

Мәнсия Сапарғалиқызы әлеуметтану ғылым саласындағы кәсіби тәжірибиелі маман, академиялық ортада танымал ғалым, шәкірттерінің ұлағатты ұстазы, әріптестеріне, отбасы жақындарына сыйлы, жаны жайсаң, ашық мінезді, мейірімді жан иесі.

Мәнсия Сапарғалиқызын халықаралық әлеуметтанушылар күнімен қатар келген 65 жас мерейтойыңызбен әріптестері және шәкірттері атынан құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, шығармашылықта толағай табыс, биік белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз!

Шәкірттері атынан:
Дархан МАМЫТҚАНОВ,
социология ғылымының кандидаты.

ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫ

«АСПАЗШЫ КҮНІ»

аясында «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының онкүндігі өткізілді

Қаламыздағы «Туризм және қонақжайлылық индустриясы» колледжі жыл сайын мемлекеттік сұранысқа сай мамандарды дайындап отырған байырғы оқу орындарының бірі. Аталмыш колледжде мамандардың сапасын арттыру үшін түрлі іс-шаралар өткізіледі. Мәселен, «Аспазшы күні» аясында «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының онкүндігі өткізілді. Онкүндік аясында студенттер «Аспаздықтың күзгі көрінісі», «Банкетке арналған салқын және ыстық тағамдар дайындау», «WorldSkills стандарттары бойынша құс етінен ыстық тағам дайындау» тақырыбында шеберлік сабақтарына қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, «COSMOS» мейрамханасының бас аспазшысы Ахмет Сейтниязов «Аспазшы мамандығы», Бренд-шеф Светлана Ханинаева «Рататуйдің өмір жолы» тақырыбында дәріс оқыды.

Кәсіптік білім беру көшінде ұзақ жылдық тәжірибесі бар колледжге биыл 60 жыл то-



лып отыр. Осынау мереке аясында 1-курс студенттері арасында «Құс етінен ыстық тағамдар дайындау» және «Алма қосылған салат дайындау», 2-курстықтар арасында «Банкетке арналған салқын тағамдар дайындау», 3-курстықтар «Жемістер мен көкөністерден көрініс» кәсіби сайысы және «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының 2-3-курстықтары арасында «Көрме АРТ үстелі» кәсіби сайыстары ұйымдастырылды.

Колледж техникалық және кәсіптік білім

беруде 6 мамандық және 11 біліктілік, 9 және 11-сынып негізінде күндізгі оқыту түрі бойынша кадрлар дайындайды. Колледж қабырғасында сапалы маман даярлау үшін қажетті материалдық-техникалық база құрылып, кабинеттер, зертханалық бөлмелері, шеберханалары талапқа сай жасакталған.

Сонымен қатар, бренд-шеф және колледж түлегі Стерликов Никита мен WorldSkills кәсіби жарысының қатысушыларымен «Kitchen Chemistry», «Фламбе құй-

мактары» тақырыбында кулинарлық шоу және колледждің әлеуметтік серіктесі Саяжан Русланның шақыртуымен «Коктейл дайындау» тақырыбында шеберлік сыныбы және мерейтойға келген қонақтар мен колледж білім алушыларына ыстық тамақ пен бауырсақ таратылды. Ұйымдастырылған кәсіби сайыстарды бағалау үшін арнайы шақыртумен әлеуметтік серіктестер «Borgo antico», «Landzhou», «The old street pub», «Il Bosco», «Bitanga», «COSMOS» мейрамханалары мен «Metro» компаниясы, колледж түлектері және колледждің ардагер өндірістік оқыту шеберлері келіп, өз бағаларын беріп, қатысушыларға алғыс білдіріп, барлық жеңімпаздарды құттықтады.

Қорыта келе, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Халықаралық аспаздар күні» жоғары деңгейде өтті. Мерейтойға келген әрбір қонақ колледждің 60 жыл ішінде жеткен жетістіктерін қысқаша бір көрініс сияқты бейнеде көріп, «Аспазшы» біліктілігінің біздің өмірімізде алатын орны үлкен екеніне және олардың қолдарынан жасалған әрбір тағам таңқалдыратын бір шедевр болатынына көз жеткендей.

«Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі» жеке тұлғаны әлеуметтік-экономикалық бағытында дамыту үшін, еңбек нарығының сұранысына сәйкес тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, үздіксіз білім беру жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды дайындау бағытында зор үлес қосуда.



МАМАН КЕҢЕСІ

БАЛА СҮЮГЕ ДЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК

Жүктілікті жоспарлау – маңызды қадам



Жүктілікті жоспарлау да бақытты ата-ана болу қадамдарына жатады. Бала сүюге дайындық процесі өте күрделі және бірнеше кезеңді қамтиды дейді №2 қалалық перинаталдық орталықтың акушер-гинекологы Эльвира Сүлейменова.

«Біріншіден, әйел дәрігерден кеңес алуы қажет. Дәрігер-маман сіздің қазіргі денсаулығыңызды бағалап, жүктілікке әсер етуі мүмкін факторлар туралы ақпарат береді. Сондай-ақ сау тұжырымдама мен жүкті болу мүмкіндігін арттыру үшін қоректік заттарды қабылдауды бастауды ұсынуы мүмкін», – дейді маман.

Екіншісі, дұрыс тамақтануға және физикалық белсенділікке назар аудару керек. Диетаның зиянды тағамды алып тастап, ас мәзіріне жаңа піскен жеміс, көк-өніс, дәнді дақылды және ақуыз-

ды көбірек қосыңыз. Денеңізді жүктілікке дайындау үшін тұрақты жаттығумен не физикалық белсенділікпен айналысуды ұмытпаңыз. Жаман әдеттен бас тарту, гигиеналық нормаларды және өмір салтын сақтау – мұның бәрі әйел ағзасына пайдалы әсер етеді және кейіннен жүктілікке төтеп беруді жеңілдетеді.

Акушер-гинеколог атап өткен үшінші қадам – менструальдық циклді зерттеп, ұрықтандыру кезеңдерін анықтау керек. Күntіз-белік әдіс немесе овуляция сынақтарын қолдану сияқты әр

түрлі әдіс бар, олар жүктіліктің оңтайлы уақытын анықтауға көмектеседі. Әрбір әйелдің жеке циклі бар екенін ұмытпаңыз, сондықтан бұл күндері уақытты қадағалап, белсенді жыныстық қатынасқа түсу маңызды.

Жүктілік – бұл физикалық қана емес, сонымен қатар эмоционалдық күй. Алдағы өзгерістерге өзіңізді рухани және эмоционалды түрде дайындаңыз. Серіктесіңізбен отбасыңызды кеңейтуге дайын екеніңізді және стресті немесе алаңдаушылық тудыруы мүмкін кез келген мәселені шешуді талқылаңыз. Болашақ туралы ойланыңыз, отбасыңызды елестетіңіз және айналаңызда жағымды атмосфераны жасаңыз.

«Жүктілікті жоспарлау – бұл отбасы өміріндегі тамаша және қызықты кезең. Жоғарыда аталған қадамдарды орындау сізге жүктілікке дайындалуға және дүниеге келмеген нәресте үшін жағымды жағдай жасауға көмектеседі. Әрбір отбасы бірегей және сіздің саяхатыңыз бірегей болатынын есте сақтаңыз. Осы кезеңнен ләззат алыңыз және отбасыңыздың жаңа мүшесіне дайындалудан ләззат алыңыз. Сәттілік, бақытты ата-ана болуларыңызға тілектеспіз!», – деді Эльвира Сүлейменова.

ИННОВАЦИЯ

Елімізде шағын инвазивті торакоскопиялық ота саны артып келеді. Бұл туралы алғаш рет жүрек ісігін алып тастау операциясын жасаған қалалық Кардиология орталығының мамандары мәлімдеді, деп хабарлайды Almaty.tv.

ЕНДІ ЖҮРЕК АУЫРМАЙДЫ

Шағын инвазивті тәсілмен жасалған күрделі ота 4 сағатқа созылған



Медициналық мекемеде осы уақытқа дейін осындай диагнозы бар оталар дәстүрлі әдіспен ашық жүректі кесу арқылы жасалып келді.

Алматы облысының тұрғыны 58 жастағы Ділбар Тәнірбергеноваға жүректің қуысында қатерсіз ісік, яғни миксома диагнозы қойылған. Оған қалалық кардиология орталығының мамандары алғаш рет Ресейден келген дәрігермен бірге жасанды қан айналымы жағдайында шағын инвазивті торакоскопиялық операциясын жасаған. Күрделі ота 4 сағатқа созылған.

Осы уақытқа дейін мұндай диагнозы бар науқастарға ота дәстүрлі әдіспен, ашық кесу арқылы жасалып келді. Ал шағын инвазивті тәсіл отадан кейінгі асқынулардың қаупін азайтады. Дәрігерлер экраннан бақылау арқылы ота жасайды. Науқастың денесінде тыртық қалмайды.

– Салыстырмалы түрде айтсақ, классикалық ота жасағанда тесті ортасынан ашып жасаймыз. Оның 2-3 айға дейін шектеулері бар. Ал жаңа тәсілмен жасалған отадан соң науқас 10 күннен кейін қатарға қосылады. Адам тез жазылады, – дейді Кардиология орталығының бөлім меңгерушісі Нұржан Мүсірепов.

– Өлемде, соның ішінде Қазақстанда да мұндай диагнозы бар адам жетерлік. Бірақ көп жағдайда науқастың диагнозы кеш анықталады. Бізге ауыр жағдайда түсетіндіктен, отаны жедел жасауға мәжбүр боламыз. Аталған ота оптикалық құрылғы – эндоскоп арқылы жасалды. Ол денеге кеуде қабырғасының бірнеше пункциялары арқылы енгізіледі. Науқас енді алдағы уақытта жіті бақылауда болады, – дейді дәрігер Игорь Демин.

КЕРЕК КЕҢЕС

Шындықты айту керек, көбіміз кір сабыннан гөрі, хош иісі бар иіс сабынды жиірек пайдаланамыз. Ал кір сабынның пайдасы туралы не білеміз?

КІР САБЫННЫҢ ПАЙДАСЫ

- Қолымызға тікен немесе ағаштың жаңқасы кіріп кеткен жағдайда оны иімен тескілеп, жанымызды ауыртпаңыз. Осындайда кір сабынды жылы суға езіп, дәкеге қалыңдау етіп жағып, тікен кірген жерге таңып қойсаңыз, бір сағаттың ішінде тікен өзінен-өзі сыртқа шығады дейді.
- Егер шашыңыздың қалың әрі ұзын болғанын қаласаңыз, мамандар шашыңызды кір сабынмен жууға кеңес береді. Сусабынды пайдаланып болған соң, артыңа басты кір сабынмен жуу керек. Содан соң суға бір-екі тамшы сірке суын қосып шашты қайта жусаңыз, шаштың түбін қатайтуға көмектеседі. Оған қоса, шаш түсе бастағанда кір сабынмен жуған дұрыс дейді.
- Моншаның буына түсерде сытырғыны кір сабын салын-



ған суға батырып қолданса, теріңіз тазарып қана қоймай, денеңіз сергіп қалады.

- Ит тістеп алған жағдайда қан тоқтағаннан кейін жараға сабын ертіндісіне малынған дәкені басыңыз.
- Құлап қалған жағдайда дереу кір сабынды жағыңыз, ол көгеруден сақтайды.
- Ер адамдар қырынғаннан кейін тері тітіркенсе, кір сабынмен сабындап қоюға болады. Көпіршік кебуін күтіп, кепкеннен кейін сумен шайыңыз.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

СӘТТІ ОТА

ТІК ІШЕКТЕН «ТАС» ШЫҚТЫ

Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасының проктологтары мен урологтарынан құралған көпбейінді бригадасы тік ішектің туа біткен ақауы – өте сирек кездесетін патологиясы бар 33 жастағы науқасқа бірнеше хирургиялық операция жасап, бәрі сәттімен өткен. Бұл кең ауқымдағы бірегей және қиын операция деп хабарлады аурухананың баспасөз қызметі.



Пациенттің артқы өтістің туа біткен бітеулігіне (тік ішек), 3-дәрежелі артқы өтіс сфинктердің жеткіліксіздігіне байланысты мүгедектігі бар. Бала кезінде екі рет проктопластика жасалған. Анальды сфинктердің болмауына байланысты дәрігерлер іштің алдыңғы қабырғасына циклдік сигмостомия шығарды. Кейіннен ішекте жыланкөз пайда болды, ол алынып тасталды, бірақ ол қайталап шығады.

Науқастың айтуынша, кейінгі жылдары оның жағдайы қатты нашарлаған, аурудың асқынуы салдарынан зәр тоқтамау, ішектің құрамы, шырыштың үнемі бөлі-



нуі, қуықтың ауырсынуы пайда болған. Науқас зәрді тік ішек арқылы және ішінара қуық арқылы шығарады. Тұрғылықты мекенжайы бойынша проктолог пен урологтың «Д» есебінде тұрады. Науқасына байланысты ол үйлену, отбасын құру туралы армандай да алмады. Талай клиникаларға медициналық көмекке жүгінген, ешқандай нақты көмек болмаған. Сөйтіп, №7 ҚКА-сының мамандарына келген.

«Операция алдындағы дайындықтан кейін біз уролог-әрптестерімізбен және анестезиологтармен бірге пациентті операцияға қабылдадық. Уретропластика. Қайта қарау. Паралельді түрде төменгі ампуларлы

құрылымның комиссурасын бөлшектеу. Тас шығару. Тік ішек ақауын жөндеу. Тік ішектің пролапсты шырышты қабығынан артық шырышты шеңбер түрінде кесіп, сфинктеропластика жасалды. Бұл кезде уретральды жыланкөзді жергілікті сылу, адгезиялық процестің диссекциясы жасалды және тік ішектен «тас» алынды. Орын алған техникалық қиындықтарға қарамастан, шамамен 5 сағатқа созылған операция сәтті өтті. Науқас оңалту кезеңінде. Болашақта жамбас қабатының, анальды сфинктердің бұлшық еттерін нығайтумен айналысу керек», – деді №7 ҚКА колопроктология бөлімінің меңгерушісі Марат Қаленбаев.



ЕУРО-2024



(Сурет kff.kz сайтынан алынды)

ҚОЛДАУ БАР.
АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев Сан-Марино (17 қараша) және Словения (20 қараша) құрамаларымен өтетін Еуро-2024 іріктеу матчтарына шақырылған ойыншылардың нақты тізімін жариялады.

Қорытынды тізімге 27 футболшы енді. Қазақстан құрамасы қараша айында 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде екі шешуші матч өткізеді. 17 қараша күні Магомед Адиев шәкірттері Сан-Мариноны қабылдайды. Ойын «Астана Арена» стадионында елорда уақытымен 21.00-де басталады. Үш күннен кейін біздің құрама Словениямен ойнайды. Кездесудің басталуы Астана уақытымен 01.45-ке жоспарланған. Матч Любляна қаласы, «Стожнице» стадионында өтеді.

Осы орайда, Ұлттық құрамаға еліміздің танымал тұлғалары – Димаш Құдайберген, Мейрамбек Беспаев, Динара Сәтжан және Мәжіліс депутаттары Максим Рожин мен Олжас Құспековтың ақ тілектері айтылған бейнежазба әлеуметтік желілерде тарап жатыр. Бейнежазбаның үндеуіне қосылған халықтың қолдауы да жоғары екені байқалады. Көп жылдардан бері бірінші рет өз көрермендерінің ықыласына бөленіп, қазақ футбол сүйер қауымына үміт сыйлаған Ұлттық құрамаға біз де өз тарапымыздан сәттілік тілейміз.

Алға, Қазақстан! Алға, қазақ жігіттері!

«CITY RUN 2023»

ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ
МАРАФОНЫ

Алматыда осы маусымның қорытынды жарысы – «City Run 2023» марафоны ұйымдастырылды.

«City Run 2023» – Алматы қаласының орталығында өтетін маусымның соңғы жүгірісі. Жарысқа 15 жастан бастап барлық ниет білдірген тұрғындар мен қала қонақтары қатысты. Олар үшін 10 км және 5 км екі қашықтық скандинавиялық серуендеу ұсынылды. Жарыс жолына 2200-ге жуық қатысушы шықты. Марафон Төле би көшесіндегі «Астана» алаңынан басталып, осы жерде өз мәресіне жетті. Жарыс бағыты Наурызбай батыр, Шевченко, Бөгенбай батыр және Панфилов көшелерімен өтті.

Айта кеткен жөн, күннің суығына қарамай мәреге жеткен қатысушылардың барлығына қала пейзажы бейнеленген естелік медаль берілді. Әртүрлі жас санатындағы жүлдегерлер серіктестер мен демеушілердің бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Ал 10 шақырым қашықтыққа жүгірген абсолютті санаттағы жеңімпаздар серіктестер мен демеушілердің бағалы сыйлықтарымен, сондай-ақ ақшалай сыйлықтармен марапатталды: 1-орын – 80 000 теңге, 2-орын – 60 000 теңге, 3-орын – 40 000 теңге. Жарыстың барлық қатысушылары мен көрермендері үшін жолдың басы мен мәресінде музыкалық ұжымның, DJ және серіктестердің қызықты промо-аймақтарының қойылымдарын қамтитын ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

«Биыл қазан айындағы дәстүрлі марафонға да қатысқанмын. Бірақ жылдың қорытынды жарысын жібер-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

меймін деп шештім. Ол кезде адам саны тым көп болатын. Ал қазір шыңдалған, шын спортсүйер қыз-жігіттер жиналды. Дегенмен, Алматының құбылмалы ауа райына қарамай бұл жарысқа келген

адамдар аз емес. Сүйікті қаламыздың тұрғындары спортпен шұғылданып, өз денсаулықтарына көбірек көңіл бөле бастағаны жақсы зой», – деді Елдос есімді тұрғын.

КИБЕРСПОРТ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ALMA CUP 2023
өз мәресіне жетті

Демалыс күндері Алматы қаласында ЖОО студенттері арасында «ALMA CUP 2023» чемпионатының кибер-спорттан турнирі өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

«ALMA CUP 2023» спорттық чемпионаты – қала студенттері арасында ең танымал спорт түрлерін біріктіретін ауқымды жобалардың бірі. Жоба жастардың дене шынықтыру дайындығын және футбол, волейбол, баскетбол, киберспорт сияқты спорт түрлеріне қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Киберспорттан ұйымдастырылған

турнир «Counter-strike 2» ойыны бойынша өткізілді. Әр командада 7 ойыншыдан қатысты.

Жалпы төрт спорт түріне бөлінген жүлде қоры 4.800.000 теңгені құрады. Киберспорттың жүлде қоры – 1 200 00 теңге болды. Оның ішінде 1-орын – 700 000 тг, 2-орын – 350 000 тг, 3-орын – 150 000 тг.

Аталмыш турнирге қаламыздың жоғарғы оқу орындарынан 15 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Ойын 2 күнге созылып, нәтижесінде 1-ші орынды «МУИТ» командасы иеленді. Күміс жүлде «КБТУ» командасына бұйырды. 3-ші орынға – «МОК» командасы жайғасты. «ALMA CUP 2023» турнирінің нүктесін киберспорт өткен жарыс қойып отыр. «ALMA CUP 2023» чемпионатының киберспорттан турнирі Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткізілді.

САМБО

АРАЙЛЫМ ӘБЕНОВА –
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

(Сурет Түркия желісіне спорт таныстырғыш сайтынан алынды).

Қазақстан спортшылары әлемнің түкпір-түкпірінде жарқын жеңістерге жетті.

Армения астанасы Ереванда өткен самбодан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының спортшылары 1 алтын, 2 күміс, 5 қола медаль жеңіп алды. Аса ауыр салмақта әйелдер арасында бақ сынаған Арайлым Әбенова Әлем чемпионы атанды. Батыр қыз финалда ресейлік қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Айта кеткен жөн, ол қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет аса ауыр салмақта жеңіс тұғырынан көрінген спортшы. Жарыс қорытындысы бойынша отандастарымыз жалпы есепте 3-орынға тұрақтады. Келесі жылғы әлем чемпионаты Астанада өтеді.

Алматыда ұйымдастырылған WKF қаратэден жастар мен жасөспірімдер

арасындағы XXI Азия чемпионаты және ересектердің I Азия ашық біріншілігі өтті. Қазақстанның жас спортшылары 8 алтын, 5 күміс және 11 қола медальмен жалпы-командалық есепте екінші орынға ие болса, ересектер 8 алтын, 8 күміс, 14 қола жүлдемен топ жарды.

Таиланд астанасы Бангкокта өткен садақ атудан Азия чемпионатында отандастарымыз бір алтын, бір күміс және бір қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, Қазақстан ерлер құрамасы Париж Олимпиадасының лицензиясына қол жеткізді. Бұл – Қазақстан спортшылары жеңіп алған 13-ші жолдама.

Қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдаров Қытайдың Чунцин қаласында өткен Гран-при жарысының қола жүлдегері атанды. Ерлер арасындағы жекелей сында бақ сынаған отандасымыз екі бағдарлама қорытындысы бойынша 264.46 ұпай еншілеп, тұғырдың үшінші сатысынан көрінді.

Шорт-трек: Шорт-тректен Қазақстан әйелдер құрамасы Канаданың Лаваль қаласында өткен төрт құрлық чемпионатында қола жүлдегері атанды. 3000 метрге жарыста еліміздің әйелдер құрамасы (Алина Әжғалиева, Яна Хан, Малика Ермек, Мадина Жанбосынова мен Ольга Тихонова) 4:16.200 секунд көрсеткішпен мәре сызығын үшінші болып кесті.

Сауд Арабиясының Эль-Хубар қаласындағы триатлоннан Азия чемпионатында отандастарымыз Аян Бейсенбаев пен Екатерина Шабалина топ жарды.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

6433,44 теңге

95503 |

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



«Асыл мұра» жобасы:

Жамағат жарысы тартысты өтті

Алматы қаласы мешіттерінің келушілері мен қауымдастығы арасында мәдени, спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру шеңберінде «Асыл мұра» жобасы аясында «Қазақша күрес» жарысы және футбол турнирі ұйымдастырылды.

Жарысты ұйымдастырушылар мешітке келушілердің сауаттылығын арттырумен қатар, мәдениетін қалыптастыруды да мақсат етіп отыр. Сондықтан жарысқа қатысушылар тек салауатты өмірді ғана емес, рухани-адамгершілік құндылықтарды да қалыптастырды. Жарысты ұйымдастырушылар күреске қатысушы палуандарды 75 келіден жоғары, әрі төмен деп екі топқа бөлді. Жарысқа қатысушылар арасында бұрын да жарысқа қатысып, бағын сынап жүрген спорт саңлақтары болды.

Сонымен қатар, бұл күні мешіт қызметкерлері келушілердің діни тұрғыдағы сауалдарына жауап берді. Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орын иегеріне – 250 мың, екінші орынға – 150 мың, үшінші орын иегеріне – 100 мың теңгеден сыйақы берілді.

Жарыс үш кезеңнен тұрды. Алдымен, Алматы қаласының мешіттері арасындағы ішкі іріктеу кезеңі болды. Одан кейін құралған командалар аудандық жарыста бақ сынады. Алдыңғы екі кезеңде жеңіске жеткен мешіттердің футбол ұжымдары жалпықалалық жарысқа қатысты.

Турнирге жарыс қатысушыларынан бөлек, дін мәселелері бойынша мамандар қатысты. Олар ойын барысында қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен дін саласындағы мемлекеттік саясат туралы түсіндірді. Финал сенбі күні «Барыс Арена» футбол алаңында өтті. Алматы қаласының мешіттері арасындағы футбол жарысының жеңімпазына бірінші орын үшін 1 000 000 теңге көлемінде сыйлық берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 13 қарашадағы
№4/524-668 қаулысы

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті тазарту құрылыстарын салу үшін Калигиз Есеномановадан Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман-3» шағынауданы, нөмірі жоқ учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-006-001) ауданы 0,0944 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ.**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел.: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Akshamy» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

күзегі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Оффсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортындағы

жолаушыларға қолжетімді.



ӨНЕР

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында ұлттық опера тарихында ғұмыры ұзақ болған «Қыз Жібек» операсы қайта сахналанды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Туындыда жағымсыз кейіпкер Бекежанның қастандығынан баянсыз болған Төлеген мен Жібектің махаббат тарихы баяндалады. Лиро-эпостық дастан 1934 жылы жазушы Ғабит Мүсірепов пен композитор Е.Брусиловскийдің шығармашылығына арқау болады. Алғашқы қазақ операсы жазылып, қазақ күйлері мен әндерінің академиялық нұсқасы шықты.

Операның негізгі желісін әлемнің кез келген өнерсүйер қауымы бірден түсінеді. Халқымыздың ең құнды шығармасы негізінде сахналанған қойылымды тама-

шалауға КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов келді. Қойылым алдында театр фойесінде опера әншісі Майра Айманованың (Шәкен Аймановтың қызы) портретінің ашылуы өтті.

«Біздің театрда ғана емес, бүкіл қазақ өнерінің жезтаңдай әншісі болған, «Қыз Жібек» операсының тарихында Жібектің рөлін сомдаған Майра Айманованың портретінің ашылуына куә болып отырмыз. Қыз Жібектен бөлек біраз образды сомдап, халықтың сүйікті қызына айналды. Театр фойесінде ілініп тұрған портреттегілердің бәрі – қазақ өнерінің шеберлері. Портреттік галереямыз тағы бір жауһармен толықты», – деді Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының директоры Нұрбақыт Әбдіғалиұлы.

ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫ

«Қыз Жібек» музыкалық драмасы сахналанды



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асанәлі ӘШІМОВ,
КСРО халық әртісі:

«Жібегім» деп еркелетуші едім

– Бүгін мен үшін қуанышты әрі тарихи күн. Жан-жарым сүйікті Майраның суретін ұлылар портретінің қасына қойды. Осы театрда қызмет атқарды. Қыз Жібекті ойнағанда «Жібегім» деп, Ақжүністі ойнағанда «Ақжүнісім» деп қарсы алушы едім. Майраның адамгершілігі менің жақсы жолға түсуіме көмектесті. Жастығымыз, студенттік кезіміз бірге өтті. Екеуіміз консерваторияда бірге оқыдық. Ол вокалдық, мен актерлік факультетте білім алдық. Сол кезде танысып, 3-4 жылдай қыз-жігіт болып жүрдік. 1959 жылы отбасын құрып, балалы-шағалы болдық. Ол кісі опера театрында, мен театрда қызмет атқардым. Үйдің тірлігі, балалардың тәрбиесі Майраның мойнында болды. Әйелі жақсы үйде береке болады. Майра маған жақсы жар бола білді. Тым ерте кетті. 56 жасында өмірден өтті.

Майра мен шешем екеуінің достығы ерекше болды. Шешем менен гөрі Майраны жақсы көрді. Майра өмірден өткенде жоқтауында «Періште болып келді, періште болып кетті» деп айтқан еді.

Фархат КӨБЕЕВ,

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының солисі:

– «Қыз Жібек» операсы – қазақ операларының ішіндегі інжу-маржаны. Бұл операда Төлегеннің рөлін сомдаймын. Театрда қызмет етіп келе жатқаным 4-5 жыл болды. Осы аралықта бұл рөлді екінші рет ойнау бұйырған екен. Консерваторияда оқып жүрген кезде опералық сабақта осы қойылымды шағын құраммен қойған едік. Сол кезден бері жүрегіме жақын образдардың бірі болды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ АЛҒЫРЛАР

Индонезиядан олжамен оралды

Индонезия мемлекетінің Бали қаласында 7-11 қараша күндері әлем оқушыларының қатысуымен «INTERNATIONAL SCIENCE AND INVENTION FAIR (ISIF – 2023)» атты халықаралық ғылым мен өнертабыстардың көрмесі өткен еді. Аталмыш білім бәсекесіне Қазақстан мемлекеті атынан Алматы қаласындағы №24 лицейдің оқушысы Халбай Диар, №178 мамандандырылған лицейдің оқушылары Ажар Нышанбай мен Тоғжан Жандарбек қатысты. Алғыр оқушылардың әлемдегі ең беделді білім бәсекесіне қатысып, бақ сынауына қалалық Білім басқармасының «Алматы дарыны» орталығы қолдау көрсетті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Әлемдегі ең жас өнертапқыштар қатысатын аталмыш көрменің негізгі мақсаты – ғылымды кеңінен насихаттау, соның ішінде шет елдердің ғылыми тәжірибесін тарату, сондай-ақ жастарды инновациялық қызметке тарту, жасөспірімдердің ғылыми зерттеу дағдылары мен жаңашылдық рухын дамыту болып табылады. Халқымыз «Өнер – жастан» деп текке айтпаса керек. Біздің еліміздің абыройын арқалап барған оқушылардың еңбегі жанды. Олар олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылып, алтын медальға ие болды. Алматылық жас ғалымдар бұл жолы өздерінің мырыш қаптағанының коррозияға тұрақтылығын арттыру мақсатын-



да ашқан жаңалықтарымен бөлісті. «Металл конструкциялар мен бұйымдарды коррозиядан қорғау үшін құрамында титан диоксиді бар композициялы мырыш жабынын алу» деп аталатын зерттеу жұмысының өзектілігі өте маңызды.

Жалпы, бұл зерттеу жұмысы барысында жас ғалымдар қазіргі таңдағы металды коррозиядан қорғаудың негізгі әдісі – қорғаныс жабындарын жасау түрін зерттеген. Қазіргі таңда мырышпен қаптау кеңінен таралғаны белгілі. Жас өнертапқыштар мырыш жабындарының қорғаныш қасиеттерін оның құрамына әртүрлі дисперсті бөлшектерді қосу арқылы жақсартуға болатынын дәлелдеген. Осы мақсатта мырыш матрицасына дисперсті титан диоксидін енгізу арқы-

лы коррозияға айтарлықтай төзімді жабындарды электрохимиялық жолмен алуға болатынын ашқан. Жас ғалымдар өздерінің жұмысын ағылшын тілінде қорғап, жоғары бағаға ие болды. Еліміздің атын шығарып, Көк байрағымызды көкке көтерген жас ғалымдардың әлі талай биікті бағындырары сөзсіз.

– Алматылық мектеп оқушыларының ISIF–2023 қатысуына мүмкіндік тудырғаны үшін «Халықаралық ғылыми ынтымақтастық орталығы» ММ-не алғысымыз шексіз. Дарынды оқушыларымыз білімдерін дамытып, қатысушы елдермен өзара тәжірибе алмасып қайтты, – дейді №178 мамандандырылған лицей басшысы Қайратбек Шәдиев.